


№59-60 (3098-3099)
01/08/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАБЫЛДАДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновті қабылдады. Төраға Президентке ұлттық компания қызметінің нәтижелері туралы баяндады, деп хабарлайды Ақорда.**

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана



Талғат Алдыбергеновтің айтуынша, биылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысында жүк айналымы 8,6 пайызға ұлғайған. Транзит тасымалының көлемі 14,6 миллион тоннаға жеткен. Кездесу барысында трансұлттық теміржол дәлізін қалыптастыру үшін 1700 км астам жаңа желі салынып, 3 мың км жол жаңғыртылып жатқаны туралы айтылды. Биыл Достық – Мойынты учаскесіндегі екінші жол және Алматы станциясын айналып өтетін теміржол желісінің құрылысы аяқталмақ. Қазір Түркістан облысы аумағында Дарбаза – Мақтаарал жобасын іске асыру жалғасуда. Сонымен қатар Абай өңірінде Бақты – Аягөз, ал Қарағанды аймағында Қызылжар – Мойынты желілерінің құрылысы басталған.

Терминал желілерін кеңейту бағытында да ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатқаны сөз болды. Мәселен, Қазақстан – Қытай, Ресей, Венгрия, Беларусь, Әзірбайжан және Грузия елдерінің жүк жиналатын негізгі орталықтарымен қарым-қатынас жасау бағытында логистиканы оңтайландырып, оң жолға қойған. Бұл өз кезегінде Шығыс-Батыс және Солтүстік-Оңтүстік бағыттарындағы тасымалдың тиімділігін арттырмақ.

Кездесуде цифрландыру тақырыбына да айрықша көңіл бөлінді. Бұл бағытта ҚТЖ әлемдік деңгейдегі инновацияның көшбасшыларымен бірлесіп, теміржол көлігінің сапасын жақсарту және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын қолға алған. Транскаспий халықаралық көлік дәлізіндегі транзиттік декларациялауды автоматтандыру логистикалық операциялардың ашықтығын қамтамасыз етіп, жүкті жеткізу мерзімін жеделдетуде. Сандық жүйенің енгізілуі нәтижесінде декларацияны ресімдеу уақыты 8 сағаттан 30 минутқа дейін қысқарған.

Мемлекет басшысы Қазақстанның транзиттік әлеуетін және экономикасын дамытуда ұлттық компания үлкен рөл атқаратынын атап өтіп, көлік инфрақұрылымын одан әрі жаңғыртудың маңызына тоқталды.

*Сурет akorda.kz сайтынан алынды*

## *Құрметті әріптестер! Қадірлі сала ардагерлері!*

*Сіздерді Теміржолшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Биылғы жылы тамыздың алғашқы жексенбісі ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша тек теміржолшыларға тиесілі – ресми түрде Теміржол көлігі қызметкерлері күні болып жарияланды. Бұл – теміржолшы кәсібінің тарихына тағзым және бүгінгі күні осы мамандықты игеріп, отандық теміржол саласының дамуы жолында аянбай еңбек етіп жатқан жандарға құрмет деп білемін.*

*Қазақстанның халықаралық логистикалық тізбектерде негізгі буын болуға, оның әлемдік деңгейге шығуына барлық мүмкіндік бар. Сіз бен біздің міндетіміз – осы абыройлы миссияны жүзеге асыру жолында ерен еңбек үлгісін танытып, сенім үдесінен шыға білу. Алдыңғы буын ағалар салып кеткен сара жолды жалғастырып, тәуелсіз Қазақ елінің көлік-логистикалық саласын жоғары деңгейге жеткізу.*

*Бүгінгі кәсіби мереке күні, осы мақсат пен мүдде жолында аянбай тер төгіп жүрген барша әріптестерімді, сонымен қатар саналы ғұмырын осы саланың дамуы мен өркендеуі жолына сарп еткен ардагерлерді тағы да құттықтап, мықты денсаулық, қажымас қайрат, мәнді де мағыналы ғұмыр тілеймін!*

***Талғат АЛДЫБЕРГЕНОВ***
***«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы***



**Қырықбай ӘЛСЕЙІТОВ,**
Құрметті теміржолшы,
«ҚТЖ» ҰК»АҚ Консультативтік кеңес мүшесі:

**ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ ЕЛІМІЗДІ ЕУРАЗИЯ ҚҰРЛЫҒЫНДАҒЫ ТРАНЗИТТІК ХАБҚА АЙНАЛДЫРУ ҮШІН КӨПТЕГЕН ІРГЕЛІ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП ЖАТЫР. БҰЛ ОРАЙДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША ІРІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ. БҰЛ ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ ТАСЫМАЛ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ОҢ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ**

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В СТРУКТУРЕ АО «НК «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ТРУДЯТСЯ БОЛЕЕ

**110 тыс.**

ЧЕЛОВЕК.

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ СВЫШЕ

**1 400**

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ ПОЛУЧАТ РАЗЛИЧНЫЕ НАГРАДЫ ЗА ПРЕДАННОСТЬ ПРОФЕССИИ И ТРУД.

БОЛЕЕ

**12,8 тыс.**

ЧЕЛОВЕК ЗАДЕЙСТВОВАНЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ НОВЫХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ЛИНИЙ.

### Мерей

## САЛА САҢЛАҚТАРЫ МАРАПАТТАЛАДЫ

**Ел экономикасының күретамыры саналатын теміржол саласы ең сенімді және қауіпсіз көлік түрі болып қала береді. Жүз жиырма жылдық тарихы бар отандық теміржолда үздіксіз жалғасып келе жатқан жүк және жолаушылар тасымалының қауіпсіз қозғалысы теміржолшылар жауапкершілігінде.**

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

Теміржолшылар тамыздың алғашқы жексенбісі атап өтетін төл мерекелерін толайым табыспен қарсы алып отыр. Ұлы мәртебелі қауіпсіздікті көздің қарашығындай сақтап, пойыздардың үздіксіз де сенімді қозғалысын қамтамасыз етуде ерен еңбектерімен еленіп, алғыс пен құрметке ие болған 1400-ден астам теміржолшы түрлі марапаттарға ие болады. Мемлекет басшысының жарлығымен биылғы жылы жарияланып отырған «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай, елдегі ең ірі жұмыс беруші және жұмысшы кәсіптерінің ең көп шоғырланған ортасы болып танылған Қазақстан темір жолында бұл атаулы күні мәртебесі өсетін еңбек адамдарының да қатары көп болатыны талас тудырмайды.

Бүгінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарында 110 мыңнан астам адам еңбек етеді. Теміржол көлігі қызметекерлері күніне орай 100-ден астам сала саңлақтары түрлі мемлекеттік наградаларға ұсынылып отыр. Саланың ең мәртебелі марапаты – «Құрметті теміржолшы» төсбелгісіне 65 теміржолшы ие болады. ҚТЖ-ның түрлі салалық марапаттарын 1243 теміржолшы алады. Сонымен қатар 13 үздік ұжымға ұлттық компанияның «Ауыспалы Туы» беріледі.

Мереке қарсаңында ел өңірлерінен марапатқа лайық деп танылған 95 теміржолшы Астанаға арнайы шақыртылып отыр. 26 теміржолшы Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан марапат алу құрметіне ие болмақ. Сонымен қатар 8 сала тарланы Үкіметте, 28 теміржолшы Көлік министрлігінде, ал 33 теміржолшы ҚТЖ компаниясында марапат тағып, мерейі таситын болады.



## КАЗАХСТАН – ТУРЦИЯ: КУРС НА ТМТМ

**Председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгат Алдыбергенов подписал Соглашение о сотрудничестве по развитию Среднего коридора с TCDD Taşimacilik A.Ş., а также провел переговоры с генеральным директором международного порта Мерсин Аджаем Кумаром Сингхом в Анкаре. Встречи состоялись в рамках официального визита Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева в Турцию.**

Президенты двух стран провели 5-е заседание Совета стратегического сотрудничества высокого уровня РК и ТР. Стороны отметили особую значимость транспортно-логистической сферы в наращивании товарооборота. Глава государства подчеркнул, что Казахстан придает большое значение развитию ТМТМ, и выразил заинтересованность в привлечении турецких инвестиций в строительство современных железных дорог, сухопутных портов и грузовых терминалов, а также в судостроение.

В свою очередь председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгат Алдыбергенов во время переговоров с генеральным директором международного порта Мерсин Аджаем Кумаром Сингхом обсудил вопросы сотрудничества в рамках развития ТМТМ и создания эффективных мультимодальных логистических решений между Азией и Европой.

Талгат Алдыбергенов сообщил о высокой заинтересованности и готовности партнеров обеспечивать стабильные объемы грузоперевозок и подчеркнул важную роль порта в качестве основного хаба для перевалки грузов Среднего коридора.

В ходе переговоров рассмотрены вопросы готовности порта к приему возросших объемов грузов, развития портовых мощностей для переработки больших объемов.

Для создания эффективной логистической цепочки казахстанская сторона предложила порту Мерсин использовать потенциал совместного предприятия АО «НК «ҚТЖ» и PSA International – KPMC. Предприятие уже ведет активную операционную деятельность для развития мультимодальных перевозок по маршрутам Китай – Турция (включая Измит, Косекой), транспортировки по маршрутам Сиань – Стамбул, блок-поездов по маршрутам Циндао – Хоргос – Сергели и других.

Среди подписанных в рамках официального визита Главы государства в Анкару 18 межправительственных и межведомственных документов особо выделяется Соглашение о сотрудничестве по развитию Среднего коридора.

Соглашение между АО «НК «ҚТЖ» и TCDD Taşimacilik A.Ş. о сотрудничестве и развитии бизнеса для перевозки грузов по железнодорожному маршруту Среднего коридора охватывает широкий спектр совместных мероприятий, направленных на повышение эффективности и конкурентоспособности маршрута. В числе основных направлений: организация регулярного маршрутного железнодорожного сообщения между Казахстаном и Турцией; увеличение объемов перевозок на железнодорожном участке Баку – Тбилиси – Карс; расширение пропускной способности грузовых перевозок между Китаем и Европой/Африкой в обоих направлениях; оптимизация транзитных процедур и координация логистических операций для повышения эффективности перевозок; упрощение таможенных и административных процессов для обеспечения ускоренного прохождения товаров через границы и другое.

Компании намерены совместно развивать цифровые решения, в том числе внедрение электронного безбумажного документооборота для эффективного управления и отслеживания контейнеров и подвижного состава.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

## *Дорогие ветераны, железнодорожники!*

*Железные дороги Казахстана по-прежнему занимают лидирующие позиции в СНГ по протяженности и объему перевозок. Стальная магистраль сыграла огромную роль в экономическом развитии страны, полностью удовлетворяя потребности в грузовых и пассажирских перевозках. При этом железнодорожная отрасль всегда славилась своим стабильным, слаженным и дружным коллективом.*

*Ветераны железнодорожной отрасли хорошо помнят историю профессионального праздника – Дня железнодорожника. Он считается одним из первых профессиональных праздников на территории бывшей Российской империи и Советского Союза. В независимом Казахстане праздник сохранялся как День железнодорожника и отмечался до 1998 года. Затем – как День работников транспорта, а с декабря 2001 года стал называться Днем работников транспорта и связи, и на протяжении многих лет железнодорожники отмечали свой профессиональный праздник в первое воскресенье августа со всем транспортным сообществом страны.*

*Спустя почти четверть века, в преддверии 120-летия профсоюзного движения железнодорожников Казахстана, благодаря проведенной ОО «КАЗПРОФТРАНС» активной работе с Министерством труда РК, Министерством транспорта РК и Парламентом страны по возврату профессионального праздника железнодорожников первое воскресенье августа в Казахстане вновь было утверждено как День работников железнодорожного транспорта.*

*Это не только календарная дата, в которую отмечаются заслуги работников железнодорожного транспорта и достижения отрасли. Этот праздник, прежде всего, подчеркивает большое государственное значение железнодорожного транспорта, высокий вклад железнодорожников в дело развития экономики нашей страны.*

*Уважаемые коллеги, накануне нашего профессионального праздника искренне желаю Вам и Вашим семьям крепкого здоровья, счастья, благополучия и новых достижений, а железнодорожной отрасли Казахстана – дальнейших успехов и процветания!*

***Оразгали АХМЕТБАЕВ,***
***председатель ОО «КАЗПРОФТРАНС»***

№59-60 (3098-3099) 01/08/2025

## СҰРАНЫС АРТҚАН

**Ұлан ОРАЗ,**
Астана

КАДР САЯСАТЫ

**ҚТЖ жүк тасымалының өсуіне байланысты жұмысқа машинист көмекшілерін қабылдауды ұлғайтты.**

Былтыр «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС локомотив пайдалану деполарына 626 машинист көмекшісін, ал биылғы бірінші жартыжылдықта тағы 519 маман қабылдаған. Сұраныстың артуы жүк тасымалдау көлемінің ұлғаюымен және жаңа учаскелер құрылысында шаруашылық жұмыстардың жүргізілуімен байланысты. Мысалы, Достық – Мойынты учаскесінің екінші жолына 120 машинист көмекшісі қабылданған. Әсіресе машинист көмекшілеріне сұраныс Алматы, Қарағанды және Қостанай бөлімшелері сияқты негізгі өңірлерде көп болған.

## ВАГОН ДОҢҒАЛАҚТАРЫ ЦЕХЫ АШЫЛДЫ

**Еділ ЕРМЕК,**
Атырау

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

**Атырау вагон құрастыру зауытында теміржолшылар мерекесі қарсаңында жаңа цех – вагон доңғалақтарын жинақтау шеберханасы іске қосылды.**



Кәсіпорын сусымалы, ірі габаритті, сұйық, жартылай сұйық және өнеркәсіптік, тағысын тағы әртүрлі жүктерді тасымалдауға арналған жүк вагондары мен мұнай өнімдеріне арналған цистерналар және үш осьті тіркеме платформалар шығаруға маманданған.

«Вагон-доңғалақ-жинақтау шеберханасы» (ВДШ-Атырау) ЖШС директоры Олег Новиковтың айтуынша, бұл Атырау облысында доңғалақ жұптарын қалыптастыру мен жүк вагондарының доңғалақ жұптарын күрделі жөндеуден өткізудің толық циклын автоматтандырылған түрде жүзеге асыратын алғашқы доңғалақ-жинақтау шеберханасы. Ең заманауи стандарттар бойынша жабдықталған шеберхананың жоспарланған өндірістік қуаттылығы – жылына 10 000 доңғалақ жұбын шығару. 2025 жылғы мамыр айында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның құзыретті комиссиясы ревизиялық құрылым және вагон шаруашылығы саласының мамандарымен бірге өндірісті кешенді тексерістен өткізген. Нәтижесінде ВДШ-ның нормативтік-техникалық талаптарға толық сәйкестігі расталып, РУ1-РУ1Ш, РВ2Ш типті доңғалақ жұптарына ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу жүргізу, сондай-ақ жаңа доңғалақ жұптарын жасау үшін «3038» шартты нөмірі берілді.

Шеберханада құрастыру цехы, доңғалақ-ролик, токарлық, престеу, т.б. цехтар бар, толықтай автоматтандырылған. Мамыр айынан бастап техникалық сипатта жұмыс жасап жатқан цехта 500-дей доңғалақ жұптары жөнделген. Шеберханадан шыққан доңғалақтарға 5 жыл кепілдік беріледі. Бүгінгі таңда бұл кәсіпорында теміржол саласында үлкен тәжірибесі бар 80-ге жуық маман жұмыс істеп жатыр.

Айта кетейік, Атырау вагон құрастыру зауыты (АВҚЗ) және «Махамбет» өнеркәсіптік-өндірістік кешені – ауыр машина жасау саласындағы ауқымды индустриялық жобаның бір бөлігі.

*Суретті түсірген автор*

## ҚҰРЫЛЫС КЕСТЕГЕ САЙ

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

ЖОБА

**Тараз қаласын екіге бөліп тұрған теміржол үстінен өтетін көпір салынып жатыр.**

Көпірдің құрылыс жұмыстары көктемде басталған. «Қаздорстрой» ЖШС бастығының орынбасары Қуаныш Әлмұхамбетовтің айтуынша, жобада ұзындығы 166 метр жол өтпесін салу көзделген. Құрылыс теміржолдың арғы жағындағы қалалық №15 мектептің тұсынан басталып, ең биік нүктесі темір жолдың үстінен өтеді. Келесі нүктесі Абай даңғылындағы полиция бөлімінің жанына жеткенде аяқталады.

– Жоба өткен жылдың ақпан айында мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды. Биыл біз жобаны тендерден жеңіп алып, жұмысқа кірістік. Құрылыс жұмыстарының мерзімі – 21 ай. Жалпы құны – 16,5 миллиард теңге. Тапсырыс берушімен жасасқан шарт бойынша объектідегі жұмыстарды 2026 жылдың соңына дейін аяқтауымыз керек. Құрылыс учаскесінің жалпы ұзындығы 946 метрді құрайды. Көпір салу үшін құрылыс аймағындағы 68 нысан: оның ішінде 43 тұрғын үй, 25 кәсіпкерлік субъектінің ғимараты бұзылады. Бас мердігер «Қаздорстрой» ЖШС сапа стандарттарын сақтай отырып, құрылыста озық инженерлік технологияларды қолданады. Сондай-ақ бағдаршам орнату, абаттандыру, жарықтандыру жұмыстары жүргізіледі, – дейді Қуаныш Әлмұхамбетов.

Көпір Абай көшесінің бойынан салынатын болғандықтан, тұрғындар «теміржол бойындағы арка бұзылып кете ме?» деп алаңдап келген. Қала әкімі Бақытжан Орынбеков шаһардың бір символына айналған сәулет өнерін қалпында сақтап, сол жақ бетке қарай, 70 метр әрі орналасатынын айтты. Көпір құрылысы жұмыстары пойыздар қозғалысына кедергі келтіріп жатқан жоқ. Кестеге сай жүріп жатыр.

## СЕНАТ ДЕПУТАТЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

**Атырауда ҚР Сенатының депутаты, экономикалық саясат, инвестициялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Сағындық Лұқпанов өңір теміржолшыларымен кездесті.**





**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

Осы өңірден сайланып, өлке теміржолы саласында еңбек еткен депутат өзінің ұшқан ұясымен қауышқанына өте қуанышты екенін жеткізді. Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Аслан Базарғалиев қонақтың өмірбаянымен қысқаша таныстырып өтті. Сағындық Есенғалиұлы Атырауда туған, осында теміржол техникумын бітіріп, еңбек жолын бастаған. Қарапайым жұмысшыдан Атырау магистральдық желі бөлімшесі басшысына дейін көтерілген. Аймақ теміржолының дамуына өзіндік үлесін қосып, қолтаңбасын қалдырған ол облыс әкімінің орынбасары лауазымын да атқарған. Бүгінде Сенат депутаты.

– Тұрғындармен кездесу – халықты қандай мәселелер толғандыратынын жақсы білуге мүмкіндік береді және жедел әрекет етуді талап етеді. Заң шығарушы орган өкілдері халықпен тығыз байланыста болса, ел үшін тиімді шешімдер қабылданады. Түсіндіре кетейін, ҚР Парламенті екі палатадан тұрады. Төменгі палата – ол Мәжіліс, оның құзыреті – заң дайындап, қабылдау. Жоғарғы палата – Сенат, қабылданған заңды мақұлдау не түзетуге жіберу. Сенатта әр облыс- тан екі депутаттан – 40 депутат, 5 депутат ҚР Халық ассамблеясынан, барлығы 45 депутат. Биылғы жылы Сенат 80 заңды қарады, оның ішінде 14-і түзетулермен кері қайтарылды. Енді темір жолға келетін болсақ, ол нарықта негізінен тасымал арқылы табыс табатынын білесіздер. Оның ішінде транзиттік тасымал, жүк және жолаушы тасымалы да бар. Соңғы жылдарда теміржол тарифтері қайта қаралып, балансты ашық көру үшін бұрынғы дифференцияланған тарифтің орнына өзін-өзі ақтайтын көрсеткіш талабы қойылды. Соның ішінде субсидияланған жолаушылар тасымалы алынып тасталған, енді соны қайта қарау қарастырылуда. Жалпы теміржол саласында жетістіктер аз емес, бірақ шешімін күткен мәселелер де жеткілікті. Олардың бәрі алдағы уақытта оң бағытқа өзгереді деп сенеміз, – деді депутат.

Елдегі экономика туралы айта келіп, ол үш облыс – Астана, Алматы және Атырау облыстарының бюджеті өз-өзін ақтап отырғандығын атап өтті, яғни жергілікті салық мөлшері облысты қамтып отыр. Ол сондай-ақ өңірде мұнай мен газ өндірісінің дамуы экономиканың өсіміне ықпал етіп отырғандығын жеткізді. Яғни қазір тек өндіруші ғана емес, мұнай мен газды өңдеуші елге айналып келеміз. Мұнайдан қазір полипропилен, каучук, күкірт, т.б. өнімдер жасалып жатыр. Олар – болашақ үшін маңызды жобалар.

Сенатордың айтуынша, темір жолдың қазіргі дамуы елдің экономикалық талаптарына сай, соған жауап берерліктей болуы керек. «Бізде қазір теміржол әлеуеті дамып келеді, Қытаймен, Еуропамен байланыс жақсарды, сондықтан темір жол арқылы табыс табу мүмкіндігі артты. Көліктік-логистикалық хабтар құрылып жатыр, ол да экономикаға үлкен серпін береді. Екінші мәселе, адами капиталды дамытуымыз керек, теміржолшы деген мәртебелі атаққа әр жұмысшы лайық болуы тиіс. Яғни Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Адал азамат» тұжырымдамасын берік ұстануымыз керек. Біз қазір білім және ғылым заманында, инновациялық технологиялар мен тың жаңалықтар дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Осы кезеңде елімізде өзін-өзі дамытуға, жаңа дағдыларды меңгеруге, қабілетті шыңдауға, білім көкжиегін кеңейтуге барлық жағдай жасалған. Мұндай мүмкіндікті құр жібермеу керек», – деді ол.

Кездесу соңында халық қалаулысы аймақ теміржолының даму үдерісімен танысып, теміржолшылардың сұрақтарына жауап берді.

*Суреттерді түсірген автор*

## ТРАНЗИТТІК ДӘЛІЗДЕР ТІЗБЕГІНДЕ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ негізгі транзиттік дәліздерде маңызды рөл атқарып, логистикалық маршруттардың интеграциясына ықпал етуде десек, қателеспейміз. Бүгінде Ұлттық компания қабылдап жатқан шаралар әрбір негізгі көлік бағдарында логистикалық операторды айқындай отырып, көліктік-логистикалық кластерді қалыптастыруға мүмкіндік берді.**




**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

Атап айтсақ, Солтүстік дәлізде Қазақстан, Ресей және Беларусь қатысатын «ОТЛК ЕРА» компаниясы; Транскаспий халықаралық көлік бағдарында (ТХКБ) Қазақстан, Әзірбайжан және Грузияның қатысуымен бірлескен кәсіпорын, оған алдағы уақытта елдің ірі контейнерлік операторы – CRCT тұлғасында Қытай қосылады деп күтілуде; «Солтүстік-Оңтүстік» көлік дәлізінде «Abu Dhabi Port Group» компаниясымен бірлесіп логистикалық оператор құрылды, сондай-ақ Қазақстан, Ресей және Түрікменстанның қатысуымен бірлескен кәсіпорын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«ОТЛК ЕРА» компаниясы өз қызметі барысында ЕАЭО аумағындағы контейнерлік транзит саласындағы интеграциялық жоба ғана емес, сонымен қатар трансеврaзиялық теміржол контейнерлік тасымалдарының көшбасшысы болып отыр. Тек 2024 жылы біріккен компанияның барлық сервистерімен тасымалданған жүктердің көлемі 746 мың ЖФЭ-ні құрады, бұл – компанияның бүкіл тарихындағы ең үздік нәтиже. Өткен жылы компанияның тасымалдау географиясы 28 жаңа бағдармен толықтырылды. Биылғы жылы «ОТЛК ЕРА» АҚ кемінде 750 мың ЖФЭ операциялық көрсеткішіне шығуды жоспарлап отыр. Компания өз алдына жылына 1 млн ЖФЭ тасымалдау көлеміне қол жеткізуді мақсат етіп отыр.

Сыртқы шектеулер жағдайында компания сенімді дамуын жалғастыруда. Бүгінде Қытай – Еуропа – Қытай тікелей теміржол қатынасында «ОТЛК ЕРА» тарапынан тасымалданатын он контейнердің тоғызы Қазақстан арқылы транзитпен жүреді, бұл – «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның елеулі еңбегі.

Транскаспий бағдары көптеген елдер үшін ынтымақтастықтың көшбасшылық жобасына айналуда. 2024 жылы маршрут бойынша тасымалдау көлемі 4,5 млн тоннаны құрап, алдыңғы жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 62%-ға артты. Осы бағдар бойынша Қытайдан 358 контейнерлік пойыз жүріп өтіп, 2023 жылғы көрсеткіштен 33 есе өсім көрсетті. Осы жылдың 6 айында ТХКБ бойынша 926 мың тонна жүк тасымалданды. Шығыс-Батыс бағдары бойынша 207 контейнерлік пойыз жүрді, кері бағытта – 25. Жалпы, 2025 жылға 600 транзиттік контейнерлік пойыз көлемінде тасымалдау жоспары келісілді. Болашақта қытайлық серіктестермен арадағы келісімдер бойынша Қытайдан ТХКБ арқылы қатынайтын контейнерлік транзит 3000 пойызға дейін өседі деп күтілуде. 2030 жылға қарай көлем көрсеткішін жылына 10 млн тоннаға дейін арттыруды жоспарлап отыр.

«Транскаспий халықаралық көлік бағдары» халықаралық қауымдастығының бас хатшысының міндетін атқарушы Нұргүл Жақыпованың айтуынша, маршруттың өткізу қабілетін арттыру ТХКБ қатысушыларының негізгі міндеттерінің біріне айналуда. Мәселен, дәліздің өткізу қабілетін арттыру үшін 2024 жылғы ақпанда Сиань қаласының Құрғақ портында қазақстан-қытай терминалы пайдалануға берілсе, Баку-Тбилиси-Карс теміржол желісін жаңғырту аяқталды, бұл контейнерлерді өткізу тиімділігіне әсер етті. Ақтау теңіз портында теңіз түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу және айлақтарды қайта жаңарту жоспарлануда. Сонымен қатар теңіз айлағының тиімділігі мен өткізу қабілеттілігіне ауа райы жағдайлары теріс әсер етеді, ол үшін жоғары желмен жабдықталатын арнайы STS-крандарды, сондай-ақ «Ақтау порты-Баку порты» теңіз желісіне неғұрлым кең контейнерлік кемелерді сатып алу және орналастыру жоспарланып отыр, олар қатты дауыл жел жағдайында пайдалануға бейімделген.

Сондай-ақ ТХКБ бойынша контейнерлерді жеткізу мерзімдерін қысқарту бойынша маршрутқа қатысушылардың жұмысын атап өткен жөн. Алтынкөл станциясынан Грузияның Поти және Батуми порттарына дейін, сондай-ақ грузин-түрік шекарасындағы Ахалкалаки шекаралық станциясына дейін ол 12-14 тәулікті құрайды, ал Сиань қаласынан пойыздарды жоғарыда аталған пункттерге жеткізу мерзімі шамамен 15-17 тәулікті құрайды.

Жалпы, соңғы 5 жылда ТХКБ бойынша тасымалдау көлемінің 6 есе өсуі байқалады, бұл олардың одан әрі өсу перспективасы барын көрсетеді және қабылданып жатқан шаралардың рентабельділігін растауда.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты жол дистанцияларында жолға жазғы күтім жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Күрделі жөндеу жұмыстарын сапалы да сенімді жол салумен танылған «Integra Construction KZ» серіктестігінің «Батыс» дирекциясы қолға алған.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Сенімді серіктес жолды сауықтыру жұмыстарын бекітілген жоспар шеңберінде атқарып шығуға кіріскен. Биыл Қызылорда жол дистанциясының телімдерінде 36,3 км жолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Күні кеше Қаракеткен – Қараиірім аралығындағы 5,59 км жол теліміне күрделі жөндеу жұмыстары сәтті аяқталды. Бұл учаскеде тозығы жеткен ескі жол үсті конструкциялары толық жаңартылып, заманауи стандарттарға сай отандық өндірістегі су жаңа Р-65 типіндегі рельс тізбектері төселді.

Келесі кезекте Екпінді – Төменарық аралығындағы 8,19 км жол телімінде ауқымды жөндеу жұмыстары басталып та кетті. Күрделі жөндеуге орай белгіленген толаскез мезгілінде жолшылар жұмысқа қызу кірісіп, балласт төсеу, шпалдарды алмастыру, бағыт пен еңіс түзету секілді жұмыстарды технологиялық



регламентке сай орындауда.

Жол жөндеу процесінде ауыр жол машиналары: ПЛ, УК, ЭЛБ, ВПО ДГС, ПБМ, ЩОМ типіндегі агрегаттар, түрлі типтегі тракторлар, сондай-ақ механикаландырылған жол слесарларының бригадалары жұмылдырылған. Дистанция басшылығының айтуынша, барлық жұмыс бекітілген кесте мен қауіпсіздік стандарттарына толық сәйкес жүргізілуде.

– Жазғы маусым – жолды күтіп-ұстау мен сауықтыруда шешуші кезең. Апта басында Екпінді – Төменарық теліміндегі 2967 км 7-пикетінен бастап 2975 шақырымның 9-пикетіне дейінгі 8,19 шақырымдық аумаққа күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Бұған дейін дистанцияның Қаракеткен – Қараиірім теліміндегі 5,59 шақырымдық жол күрделі жөндеуден өткізілді. Әрбір жөнделген шақырым – теміржол көлігі қозғалысының сенімділігі мен жолаушы және жүк тасымалының қауіпсіздігіне қосылған үлес. Біз үшін сапа мен қауіпсіздік – басты талап, – дейді Қызылорда жол дистанциясының бастығы Марат Оңалов.

Жаздың әр күнін тиімді пайдалануға тырысқан қызылордалық жолшылар мердігер компания жұмысынан бөлек жөндеу түрлерін өз күштерімен атқарып, қоса қабат қимылдауда.

*Суретті түсірген автор*

№59-60 (3098-3099) 01/08/2025

# СИМВОЛ СИЛЫ, ЕДИНСТВА И БУДУЩЕГО

ИТОГИ

**Железная дорога – это не просто транспортная сеть. Это артерия страны, по которой движутся грузы, пассажиры и надежда. Ее ритм – в гуле поездов, в напряженной работе депо, в неустанном труде тех, кто обеспечивает бесперебойное движение на всем протяжении стальных магистралей.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Астана



День железнодорожника – особенный праздник. Это возможность сказать искренние слова благодарности тем, кто не жалеет себя ради того, чтобы поезда приходили вовремя, чтобы груз доходил до цели, чтобы рельсы оставались надежными и безопасными, а пассажиры – довольными и уверенными в пути.

Казахстанская железная дорога сегодня – это не только устойчивый национальный перевозчик, но и мощная система, формирующая транспортный облик Центральной Евразии. В 2024 году выручка компании достигла 2,2 триллиона тенге, что почти в два раза выше показателей 2020 года. В текущем году ожидается рост до 2,7 триллиона тенге. Чистая прибыль выросла в девять раз – с 16 до 158 миллиардов тенге, а фонд оплаты труда увеличился до 662 миллиардов, обеспечивая стабильную социальную поддержку тысячам железнодорожников. Международные рейтинговые агентства Moody's, Fitch и S&P отметили устойчивость и стабильность компании в своих свежих отчетах, что подтверждает стратегическую значимость КТЖ не только для Казахстана, но и для всей транспортной карты региона.

Грузооборот превысил 272 миллиарда тонно-километров. За последние месяцы на 33% выросли транзитные перевозки, достигнув 27,5 миллиона тонн. Контейнерный транзит по маршруту Китай – Россия – Китай увеличился в 14 раз, а по Транскаспийскому направлению – в 33 раза. Это результат не только грамотной логистики, но и огромной работы всего коллектива по модернизации системы управления и инфраструктуры.

Одним из приоритетных направлений остается обновление подвижного состава. Закуплено 424 новых локомотива, 369 пассажирских вагонов. На заводе «Штадлер Казахстан» начался выпуск современных составов, которые планируется поставить в количестве 557 вагонов до 2030 года. Уже в ближайшие годы казахстанцы смогут путешествовать в принципиально новом уровне комфорта, а пассажирский парк компании полностью обновится. Параллельно ведется масштабная реконструкция вокзалов – в планах модернизация 125 станций, включая важные узловые объекты на всей территории страны.

Инфраструктурные проекты 2025 года охватывают не только подвижной состав, но и сами пути. Всего планируется отремонтировать 1 480 километров железнодорожных магистралей, из них свыше 512 километров – в рамках капитального ремонта. На середину года уже обновлено более 700 километров. Благодаря внедрению автоматизированной платформы «КАПС БП» и более активному контролю за состоянием путей за полгода количество инцидентов на сети снизилось на 22%. Новые подходы к ремонту, техническое перевооружение, инвестиции в диагностику – все это работает на повышение безопасности и надежности перевозок.

Все эти достижения – не просто цифры и проценты. За ними – люди, которые в мороз и зной выходят на смену, ведут поезда по тысяче километров, отвечая за жизни и грузы, планируют, проектируют, проверяют, ремонтируют, строят и развивают. Они объединены одной миссией – обеспечить движение страны вперед. И каждый из них достоин уважения, благодарности и гордости.

Праздничный номер – это повод всмотреться не только в цифры, но и в лица машинистов, слесарей, диспетчеров, проводников, инженеров. Тех, кто делает Казахстанскую железную дорогу не просто сетью рельсов и станций, а живой, мощной системой, которая соединяет города, регионы и сердца.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# ЦЕНТР ЛОКАЛИЗАЦИИ ЗНАНИЙ

ТЕХНОЛОГИИ

**В Астане торжественно открылся Центр компетенций передовых сигнальных технологий Alstom – проект, отражающий уверенное движение отечественной железной дороги к цифровому будущему.**



**Руслан РАХМЕТОВ,**
Астана

Это событие стало символом устойчивого партнерства и стремления АО «НК «ҚТЖ» не только внедрять передовые технологии, но и развивать их на казахстанской земле.

Центр не только обеспечит внедрение сигнальной системы Ebilock-950, уже действующей на 85 станциях сети, но и станет площадкой для подготовки специалистов, адаптации ПО, сервисного обслуживания и сертификации решений.

– Система EBILock 950, которая в ближайшее время будет адаптирована к отечественной инфраструктуре, отвечает самым высоким требованиям. Впереди – сертификация, заводские и эксплуатационные испытания. ҚТЖ оказывает всестороннюю поддержку в этом процессе: создана рабочая группа, утверждено техническое задание, а также запущена программа обучения специалистов компании на базе нового центра, – подчеркнул главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Рамазан Садыркулов.

Центр стал результатом договоренностей, достигнутых в Париже в ноябре 2023 года в ходе визита Президента Касым-Жомарта Токаева, когда было подписано стратегическое соглашение между КТЖ и Alstom.

– Мы гордимся тем, что открываем свой первый в СНГ центр компетенций сигнальных систем на базе технологии Ebilock-950 именно в Астане. Это важный шаг за пределы привычной сферы подвижного состава. Теперь мы производим сигнальные решения в Казахстане – и для Казахстана, – отметил управляющий директор Alstom по Западной и Центральной Азии Жером Бойе.

Открытие центра произошло в год, насыщенный достижениями для КТЖ. За первое полугодие 2025 года на сети отремонтировано более 700 километров пути, обновлены пассажирские вагоны, продолжается активная цифровизация перевозок и реализация масштабных инфраструктурных проектов. Все это – звенья в единой цепи модернизации отрасли.

С 2010 года Alstom прочно вошла в железнодорожную экосистему Казахстана: более 1 200 сотрудников, 10 производственных объектов, завод электровозов в Астане, сервисные депо в шести городах. Компания остается единственным производителем электровозов в Центральной Азии и на Кавказе.

– Центр компетенций войдет в глобальную экосистему Alstom, объединяя усилия международных экспертов, вузов и госструктур. Он станет платформой для разработки и тестирования передовых решений, направленных на повышение безопасности, эффективности и пропускной способности железнодорожной сети страны, – отметил руководитель проектов СЦБ компании Alstom Асхат Абенов.

Это открытие – не просто технический шаг, а подарок всей отрасли ко Дню железнодорожника. Оно подтверждает: Казахстан не стоит на месте, а движется вперед – с уверенностью, с партнерами, с гордостью за свой путь.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# СЛАЖЕННАЯ РАБОТА – РЕКОРДНЫЙ РЕЗУЛЬТАТ

АКТУАЛЬНО

**С 19 по 20 июля на станции Достык установлен рекорд по передаче экспортных грузов в Китай – 24 поезда, 998 вагонов. Этот результат стал наглядным подтверждением высокой ответственности, точной координации и профессионализма всех служб и подразделений.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Достык



Станция Достык уверенно удерживает статус стратегически важного транспортного узла, связывающего Казахстан с КНР по широкой колее 1520 мм. Новый результат – 24 поезда, переданных за сутки, – стал достижением не только станции, но и всей системы организации перевозок на международном направлении.

– Впечатляющий результат стал возможен благодаря слаженной и профессиональной работе всех причастных служб: эксплуатационных, технических, погрузочно-разгрузочных, таможенных и иных подразделений, – отметил директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов. – Для приграничной станции это не просто статистика, но и показатель высокого уровня организации, ответственности и готовности к интенсивной работе в условиях растущих объемов и усиленной конкуренции.

Своим вкладом в рекорд отличились маневровые диспетчеры – Таскын Каримов, Рустем Турысбеков, дежурные по станции – Еркебулан Бошаев, Багдаулет Дарменов, Биржан Касымов, Аслан Бегазинов. Именно они обеспечивали бесперебойное продвижение составов, контролируя каждый этап технологического процесса.

Отдельное значение в обеспечении четкого документооборота и взаимодействия с китайской стороной имела работа специалистов конторы передачи. Среди них – товарные кассиры Кенжегул Жайлауова, Айгуль Утеулиева, агенты по передаче груза Владимир Добрыднев, Гульнар Манызбаева, Аскар Котанов. Их оперативность и точность стали ключом к своевременной передаче поездов и предотвращению простоев.

Весомый вклад внесли сотрудники пункта технического осмотра – Сабыржан Касымжанов, Саят Калиев, а также операторы технического центра: Али Дайырджанов, Динара Нарымбина, Ертай Мырзабеков, Нургасен Мейиржан. Их профессионализм стал важным элементом общей производственной цепочки.

Особую роль сыграл Региональный центр управления перевозками (РЦУП-2 Алматы). Благодаря точному управлению графиком, оперативному распределению локомотивов и контролю за движением на всем участке удалось обеспечить беспрепятственную и слаженную передачу экспортных поездов в кратчайшие сроки. Это в очередной раз подтверждает эффективность централизованной модели управления в ҚТЖ.

Под грамотным руководством Алматинского отделения коллектив станции Достык демонстрирует уверенный рост производственных показателей, превращая даже самые амбициозные цели в реальные достижения.

*Фото Данияра БИМАШЕВА*

# ИЗ ПОТИ В ЦЕНТРАЛЬНУЮ АЗИЮ

**Любовь РОВБА,**
Астана

ПЕРЕВОЗКИ

**Первый контейнерный поезд отправился с территории АО «Поти ТрансТерминал» (Грузия) в Центральную Азию. Этот рейс стал знаковым событием для развития евразийской логистики и ТМТМ.**



В составе поезда – 48 контейнеров с оборудованием для предприятий легкой промышленности. Он проследует из Поти в Алят (Азербайджан), затем – в Туркменбаши и Фараб (Туркменистан) и прибудет в Аджиан (Узбекистан). Время в пути составит 20 дней, сообщили в Ассоциации грузовых железнодорожных перевозчиков.

Новый маршрут укрепляет связь между Кавказом и Центральной Азией, повышая устойчивость логистических цепочек и открывая новые экспортно-импортные возможности.

Мультимодальный контейнерный терминал Поти ТрансТерминал – это первый казахстанский инфраструктурный проект, реализованный на территории одного из ключевых морских хабов Грузии. Он построен казахстанской компанией PTC Holding совместно с грузинскими и азербайджанскими партнерами и открыт в июне 2025 года.

За короткое время терминал подтвердил свою стратегическую роль как ключевого сухопутного хаба на Транскаспийском международном транспортном маршруте.

В июне 2025 года, несмотря на неполный период работы, на терминале было обработано 1 462 ДФЭ и 2 964 тонны грузов. Основными направлениями стали Узбекистан и Казахстан. Контейнерные перевозки включали широкий ассортимент товаров народного потребления. Развитие «Поти ТранТерминала» – часть долгосрочной стратегии PTC Holding по усилению логистической инфраструктуры Среднего коридора и интеграции рынков Европы, Кавказа и Азии в единую экосистему.

Напомним, в марте этого года АО «НК «ҚТЖ» и PTC Holding подписали меморандум о совместном развитии терминальной инфраструктуры в Грузии. Этот терминал обеспечит эффективную обработку тарированных и контейнерных грузов, что позволит увеличить объем грузоперевозок в рамках ТМТМ.

# УСТОЙЧИВАЯ ТЕНДЕНЦИЯ

**Махаббат НЕГЕМБАЕВА,**
Астана

БЕЗОПАСНОСТЬ

**На 4% снизилось количество нарушений безопасности движения, допущенных структурными подразделениями АО «НК «ҚТЖ», в первом полугодии 2025 года.**

Одним из ключевых мероприятий стало проведение стратегической сессии с первыми руководителями на тему формирования культуры обеспечения операционной безопасности. По итогам сессии разработана Дорожная карта по формированию и поддержанию принципов «Культуры операционной безопасности движения». Документ направлен на повышение вовлеченности работников в соблюдение технологических процессов, обучение персонала, развитие самостоятельного контроля и формирование атмосферы доверия.

Более 100 руководителей региональных и линейных подразделений прошли обучение по принципам «Культуры операционной безопасности движения». Это позволило снизить количество нарушений по вине персонала на 34%.

Для повышения квалификации молодых специалистов продолжается работа по разработке электронных курсов по изучению Правил технической эксплуатации железных дорог, инструкций по сигнализации и движению поездов. Компания внедрила цифровые инструменты управления безопасностью. Среди них автоматизированная система «Ревизор по безопасности», информационный комплекс «Инфо-Центр», система анализа рисков безопасности движения.

Ведется разработка автоматизированных систем: «Комиссионный месячный осмотр», «Аудит».

Для выявления рисков на участках пути используются система «Комплексного анализа предотказного состояния бесстыкового пути» и «Программа расчета предотказного состояния геометрии рельсовой колеи».

Данные для этих систем предоставляют современные средства диагностики: мобильные диагностические комплексы (МДК) – с функциями замера геометрии пути, дефектоскопии, георадиолокации и видеоконтроля и мобильные диагностические лаборатории (МДЛ) – самоходные комбинированные лаборатории на железнодорожном и автомобильном ходу, производительность которых в пятьсемь раз выше по сравнению с тележками-дефектоскопами.

Компания проводит активную информационно-разъяснительную работу по правилам нахождения на объектах транспорта и выпаса скота. В акиматы направлены рекомендации по чипированию скота для своевременного реагирования при его приближении к железнодорожному полотну.

В сотрудничестве с транспортной полицией реализуется Дорожная карта по повышению уровня безопасности и сохранности имущества.

Работа по обеспечению безопасности отражена в Комплексном плане, утвержденном первым заместителем Премьер-министра РК. Среди приоритетов: модернизация инфраструктуры и подвижного состава, внедрение видеонаблюдения за соблюдением технологических процессов, установка систем видеофиксации на переездах, строительство изгородей в местах массового выпаса скота и совершенствование нормативной базы.

Устойчивая тенденция ежегодного снижения числа нарушений в АО «НК «ҚТЖ» наблюдается с 2018 года. Компания продолжает реализовывать комплексные меры для безопасной работы железнодорожной отрасли.

# АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН ЖОЛСЕРІК

**«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Экспресс» филиалының жолсерігі Қуатбек Дауылбаев – жеті жылдық тәжірибесі бар теміржолшы. Ол биыл 9 жасар кішкентай жолаушыға шұғыл түрде алғашқы медициналық көмек көрсетіп, баланың өмірін сақтап қалды.**

**Ұлан ОРАЗ,**
Алматы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Айнатас ауылында туған Қуатбек Әмірұлы темір жолға кештеу келсе де жауапкершілігі мен сапалы қызметі үшін жоғары бағаға ие болып үлгерді. Ол бүгінде Алматы – Ташкент бағытындағы халықаралық пойызда жолсерік болып еңбек етеді.

– Биыл 16 сәуірде Алматы-2 – Ташкент бағытындағы пойызда әдеттегі қызметіме кірістім. Екінші күні Келес станциясындағы шекаралық кеден тексеру нүктесінде сағат 11.30-дар шамасында менің вагонымда бір баланың жағдайы нашар екенін естідім. Шұғыл түрде балаға алғашқы медициналық көмек көрсетіп, тілін жұтып қоюына жол бермедім, басын көтеріп, сәл қапталға бұрдым, еркін тыныс алуына жағдай жасадым. Пойыз бастығы Сәуле Қыдырәлиева да көмекке келіп, дауысзорайтқыш радиобайланыс арқылы дәрігер іздеді. Жолаушылар арасында дәрігерлер жоқ болып шығып,



жедел жәрдем шақырттық. Келес станциясындағы кезекші, медициналық қосын қызметкері мен Өзбекстанның шекаралық бақылау қосынының қызметкерлері де келді. Жедел жәрдем келгенше бала есін жиды. Анасының айтуынша, баланың бұлай құрысып қалуы бірінші рет, оны емдетуге апара жатыр екен. Сол жерден екеуі Ташкент ауруханасына жеткізілді, – дейді Қуатбек жолсерік.

Баланың анасы жолсерікке кәсіби біліктілігі, адамгершілігі және жауапкершілігі үшін шын жүректен алғыс айтты. Өйткені дер кезінде сауатты медициналық көмек берілмесе, баланың жағдайы не болары белгісіз еді.

Қызметін 2018 жылы компанияның «Солтүстік» филиалында бастаған Қуатбек Астана – Семей бағытында да жұмыс істеді. 2023 жылдан бастап қазіргі жұмысына, яғни «Экспресс» филиалының «Тальго» пойызына Алматы – Ташкент бағытына ауысты. Бүгінде екі елдің ортасында жүріп, жолаушылардың пойыздағы саяхаты кезінде жағдайын жасап, діттеген жеріне аман-есен жеткізу үшін қызметін жалғастырып келеді.

*Суретті түсірген автор*

**Арыс белгі беру және байланыс дистанциясының сигнализация, блокировка және орталықтандыру телімінің бастығы Алмас Нәбиұлы Қонысовтың еңбек өтілі ширек ғасырдан асады. Жоғары біліктілігі арқасында оның еліміздегі жаңадан салынған бірнеше жол тармақтарында байланыс саласының негізін қалап, орнатуға үлес қосқан еңбегі әріптестері арасында жоғары бағаланады.**



# БАЙЛАНЫСТЫҢ БАПКЕРІ

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Арыс

Сондықтан биылғы төл мереке қарсаңында Астанаға арнайы шақыртылып, Мемлекет басшысының қолынан марапат алатын таңдаулы теміржолшылардың бірі болып отыр.

Теміржолшылар қаласы Арыста туып-өскен ол алдымен арнайы курста оқып, ШЧ мекемесіне жұмысқа орналасқанда сарыауыз балапан еді. Жұмысқа төселіп, тәжірибесін арттыра келе, арнайы орта және жоғары білім алды, саланың жілігін шағатын кәнігі маманға айналды. Бүгінде ол басқаратын телім Арыс пен Сарыағаш станциялары аралығында 8 станция мен бекеттің, олардың арасындағы перегондардың белгі беру және байланыс құрылғыларының тоқтаусыз жұмысына жауапты.

– Арыстағы ШЧ-38 мекемесінде еңбек жолымды 4-разрядты электромонтер болып бастадым. Тараздағы 6 айлық курсты оқып келген соң электромеханик болып істедім. 2008 жылы қазіргі қызметіме тағайындалып, содан бері телімді басқарып келемін, – дейді теміржолшы жігіт.

Алмас Қонысов жаңадан салынған теміржол тармақтарын іске қосу кезінде байланыс қондырғыларын орнату жұмыстары жеті өлшеп, бір кесіп дегендей, өте жауапты жүргізілетінін айтады. Атап айтқанда, 2004 жылы Хромтау-Алтынсарин теміржол тармағы салынғанда ол 20 күнге іссапармен барып, жұмыс істеген. Одан кейін Қостанайда Тереңсай станциясының да байланыс қондырғыларын орнатып, іске қосуға қатысқан. 2016 жылы Алматыда Қазыбек би станциясын дамытуға үлес қосты. 2017 жылы ЭКСПО көрмесі кезінде «Нұрлы жол» вокзалының, Қырқыншы станцияларының басындағы жұмыстарға атсалысты.

– Соның бәрі мен үшін үлкен тәжірибе болды. Арыста да үлкен өзгерістер болды. Сарыағаш станциясының белгі беру және байланыс құрылғыларын жаңарттық. Байланыс саласында жаңашылдықтар өте көп болады, сондықтан бұрынғы білімімізге қоса, жаңа дүниелерді де үйреніп, үнемі ізденісте жүреміз. Өзім де айналама, қарамағыма сондай ізденімпаз, білімді мамандарды жинауға тырысамын, – дейді А.Қонысов.

Теміржолшылар отбасында дүниеге келген Алмас Нәбиұлы кәсіп таңдауда қателеспегені анық. «Үздік маман» атанып, өндіріске 30 шақты өнертапқыштық ұсыныс енгізіп, «Үздік рационализатор» белгісімен марапатталған теміржолшының обасында екі бала өсіп келеді. «Болашақ теміржолшылар» деді бізге әзіл-шыны аралас қалжыңдап.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# ӘКЕ ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН ҰЛ

**Семей темір жолындағы вагон қараушылар арасында пойыз апатының алдын алып, ерлікке пара-пар іс жасаған жігіттер жетерлік. Солардың арасында Семей вагон пайдалану депосының жас буын вагон қараушысы Диас Маметовтің есімін ерекше атауға болады.**



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Диас осы қызметке он жыл бұрын өз әкесі, дәл осы депода еңбек ететін Құмар Маметовтің шақыруымен келіпті. Осы аралықта аса ауыр апатқа әкеліп соғуы мүмкін екі ақаулықты анықтап, ер атаныпты. Ол тапқан күрделі емес кінәраттар қаншама… Соңғы жолы жүк вагонының арбасындағы жарықшақты тауып алып, жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуінің алдын алды. Ақауы бар вагон дереу ағытылып, жөндеуге жіберілді. Тексерулер қорытындысында дәлелденгендей, егер ақаулық дер кезінде еленбей өтіп кеткенде үлкен шығын болатын ауыр апаттың орын алуы әбден ықтимал еді.

– Келіп тоқтаған вагондарды тексеру барысында аса мұқият болу керек. Балға мен қатар ұлғайтқыш әйнек, фонарьді да қолдан тастауға болмайды. Нұсқаулыққа сәйкес әрекет етудің түбі берекет, – дейді бұл ретте Диас Құмарұлы.

Сөзге жоқ, іске бекем Диас әлеуметтік желілерге тіркелмеген екен. Жұмыстың қара нары. Бүгінде Семей техникалық қызмет көрсету бекетінің тақ паркінің солтүстік қосынында еңбек етеді. Әр кезекшілікте тәулігіне 15-17 жылжымалы құрамды толыққанды тексеріп, алыс жолға шығаратын кездері аз болмайды. Десе де, Диас пен оның әріптестері үшін мазасыз маусым енді басталады. Күз айларынан бастап бөлімше бойынша көмір тасымалы күрт артатын болады. Демек қырағылықты да арттыру қажет.

Жүрек қалауымен келген осынау қызмет барысында вагон шаруашылығының саңлақтары Ерзат Хасенов, Дәурен Ақатаев, Дайырбек Досановтардың тәлімін көріп, тәжірибесін бойына сіңіріпті. Қызмет барысында үлгі тұтатын ұстаздары көп. Үнемі үйренсем, меңгерсем деген ой өз кәсібіне адал, ізденімпаз жасты тұрақты түрде білім шыңдауға жетелейді екен.

Әйтсе де, Диас үшін адастырмас бағдар – осынау қызметте, вагон шаруашылығында елеулі жылдар бойы еңбек етіп, жуырда ғана зейнеткерлікке шыққан өз әкесі Құмардың көрсетіп беріп кеткен тағылымы. Әлі де ақыл-кеңесін сұрап тұрады. Үнемі ізденуден жалықпайды. Бөлімше көлемінде өтетін барлық семинарлар мен техникалық дәрістерді жіберген емес. Республика көлемінде вагон шаруашылығы саласындағы орын алған соңғы жаңалықтардан да жақсы хабардар.

Ал бос уақытында спортты серік етеді. Әсіресе футбол ойнағанды ерекше жақсы көреді. Бөлімше көлемінде өткізілген көптеген сайыстарға қатысып, тартысты додаларда өз командасын алға сүйреп жүр.

*Суретті түсірген автор*

# ЖАРАЙСЫҢ, ЖАРҚЫНБЕК!

**Әр адамның бойында ерлікке бастар қасиет бар. Ол үшін атақ та, абырой да қажет емес, шынайы ерлік кейде қарапайым сәтте, күтпеген жағдайда көрініс табады. Бүгінгі кейіпкеріміз – сол қарапайым батырлардың бірі.**



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Жарқынбек – теміржол саласында 2013 жылдан бері еңбек етеді, өткел күзетшісі болып бір орыннан тапжылмай, абыроймен еңбек етіп жүрген азамат. Күнделікті қарапайым жұмыстың бір сәтінде ол бүтін бір пойыз құрамын апаттан аман алып қалды. Осынау бір сәттік әрекет оның батылдығы мен кәсібіне деген адалдығын айғақтады. Нағыз ерлік сөзбен емес, нақты іспен көрінетінін Жарқынбек секілді теміржолшылар осылай дәлелдейді.

Темір жол – тәртіп пен қырағылық талап ететін сала. Әрбір теміржолшының қызметіне деген адалдығы мен жауапкершілігі жүздеген адамның өміріне тікелей әсер етеді. Бұл жолда қажыр-қайрат пен жылдам шешім қабылдай білу, дәлдік пен кәсібилік аса маңызды. Осындай биік талап үдесінен шығып жүрген кейіпкеріміз Жарқынбек Жаңабаев Қараиірім – Жалағаш станциялары аралығындағы 2742 шақырымда орналасқан теміржол өткелінде кезекшілік ететін өткел кезекшісі.

Теміржолшылар династиясынан шыққан Жарқынбек бұл салаға кездейсоқ келген жоқ. Оның әкесі Сәрсенбай Жалағаш станциясында электрмен жабдықтау шаруашылығында еңбек еткен тәжірибелі маман болса, өзі мен бауырлары Қаракеткен, Жалағаш станцияларында жол шаруашылығында еңбек етуде.

...Кезекті жұмыс күнінде №2802 жүк пойызы өткелден өтіп бара жатты. Жарқынбек вагондардың бірінен салбырап келе жатқан затты байқап қалады. Теміржолдағы әр секундтың бағасы зор екенін жақсы білетін ол, дереу Жалағаш станциясының кезекшісі А.Ембергеновке, тікелей басшысы Абзал Айтжановқа радиобайланыс арқылы хабар береді. Кешікпей пойыз тоқтатылып, техникалық тексеру жүргізіледі. Сараптама нәтижесінде жүк вагонының төменгі жалпақ жолақ бөлігінде ақау анықталып, қауіптілігіне байланысты құрамнан ажырату туралы шешім қабылданады.

– Вагондағы жалпы жолақтың сынуы – кез келген уақытта пойыздың рельстен шығып кетуіне, тіпті ауыр апатқа соқтыруы мүмкін жағдай. Сондықтан бұл – нағыз ерлік. Уақытылы қабылданған шешімнің арқасында апаттың алды алынды, – дейді Қызылорда жол дистанциясының бастығы Марат Оңалов.

Өткел кезекшісінің жұмысы сырт көзге қарапайым көрінгенімен, теміржол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде олардың атқаратын рөлі зор. Олар пойыз қозғалысы кезінде шлагбаумды уақытылы жауып-ашып қана қоймай, жолдың екі жағындағы 50 метрлік аумаққа күтім жасап, өткелден өтетін автокөлік жүргізушілеріне қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертіп отырады.

– Әкемнің жолын қуып теміржолшы болдым. Інілерім де осы салада еңбек етіп жүр. Жеті балам бар, олар да болашақта теміржолшы болса екен деймін. Темір жолда тұрақты табыс, әлеуметтік қолдау бар. Ұмтылғанға мансаптық өсу мүмкіндігі де жоқ емес. Мен нанын жеп отырған салаға адал қызмет етуді басты борышым санаймын. Жүк пойызындағы ақауды анықтауым – ерлік емес, кәсіби міндетім. Мұндай жағдай кез келген теміржолшының басынан өтуі мүмкін. Бірақ осы жолы бұл міндет маған жүктеліпті, – дейді Жарқынбек Сәрсенбайұлы.

Иә, кәсіби міндеттен туындаған әрекет, бір мезетте қабылданған шешім бүкіл құрамның, талай жанның тағдырын сақтап қалды. Бұл ерлік емей, немене?!

*Суретті түсірген автор*

# КҮРДЕЛІ АҚАУДЫ АНЫҚТАДЫ

**Адам бойындағы қырағылық қасиеті оның еңбек тәжірибесіне байланысты болмаса керек. Бұл ой теміржолдағы жұмысын екінші жыл жалғастырып жатқан Дәурен Өтемісовтің іс-әрекетінен кейін туындады.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

Ол 2024 жылдың 21 желтоқсанында кешкілік вагон арбашығының бүйір рамасынан көзге көрінер-көрінбес қылдай жарықшақты көріп қалып, болуы ықтимал апаттың алдын алды. Ал Дәурен темір жолдағы еңбек жолын сол жылдың басында ғана бастаған. 35 жастағы жігіттің кейбір замандастары бұл кезде тәжірибелі теміржолшы атанып, қанжығаларын түрлі марапаттармен майлап та үлгерді деуге болады. Бірақ Дәурен қазіргі беталысының дұрыс екенін пойыздарға техникалық қызмет көрсету барысында арбашық бүйір рамасындағы жарықшақты анықтау арқылы дәлелдеп берді.

«Темір жолға келмес бұрын түрлі жұмыстар атқардым. Үйлі-баранды болдым. Балаларым дүниеге келді. Осы кезде тұрақты бір жерге жұмысқа тұруым керек деген ой келіп, теміржол саласын таңдадым. Колледжді бітіріп, Астана вагон пайдалану деposына орналастым. Қазір 5-ші разрядты вагон қараушымын. Жұмыс кестесі, атқаратын қызметім – бәрі көңілімнен шығады. Жұмыскер еңбегі ұжымдық шартпен қорғалған. Тіпті балаларымыз да ұмыт қалмай, мерекелерде сыйлықтарын алып тұрады. Театр, циркке барып, лагерьде демалу мүмкіндігі бар. Мен де еңбек демалысымда шипажайға барып, денсаулығымды нығайтып келе аламын», – дейді кейіпкеріміз.

Оның айтуынша, темір жолдағы темірдей тәртіп – оның жанына жағатын дүние екен. Мәселен, техникалық сабақтарды жібермей, тұрақты қатысып тұруының арқасында бір жыл ішінде күрделі ақауды анықтай алатын дәрежеге жетіп отыр.

«Әр ауысымда 10-нан 40-45 пойызға дейін техникалық қызмет көрсетеміз.



Балғамен ұрып, шыққан дауысты тыңдаймыз. Ең бастысы, мұқият зейін қойып тыңдау, қарау, қырағылық таныту. Ал мұның бәрі түптеп келгенде өндірістік шебердің дәрісін зер қойып тыңдап, білмегеніңді сұрап, өз ісіңнің білгірі болуға ұмтылудың нәтижесі», – деп түйіндейді сөзін Дәурен Өтемісов.

*Суретті түсірген автор*

# МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

**Шалғай ауылдағы теміржолшы жастар мамандығын мақтан етеді. Оларға туып-өскен жерде таңдаулы кәсібін игеру тұрақтылық кепілдігі мен даму мүмкіндігін береді. Салада абыройлы еңбек етіп, түрлі жобаларға қатысып жүрген жастардың бірін әңгімеге тарттық.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Мейіржан Лекеров – Шалқар белгі беру және байланыс дистанциясының электромеханигі. 34 жастағы жас маман ірі апаттық жағдайдың алдын алып, көзге түсіп үлгерді. Ол дәл жаңа жылда, өткен 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні вагонның аса күрделі ақауын анықтап, бәрін таң қалдырды. Өйткені вагон қараушы емес, электромеханиктің мұндай ақауды көре қалуы шынымен таңданарлық жағдай еді.

«Жұмыс 8 сағат болғанымен, қауіпсіздікке жауапты болған соң 24 сағат байланыста боламыз. Сол түні станциядан өтіп бара жатқан жүк пойызынан ақау тауып, вагон астындағы сынық дер кезінде жойылды. Бұл менің жауапкершілігім және қауіпсіздікті сақтау – міндетім», – деді ол.



Мейіржан ШЧ-3 мекемесіне қарасты Бегімбет разъезінің электромеханигі. Өзі осы ауылда туып өскен. Шалқар – Тассай учаскесінде жұмыс істейді. Көлік және коммуникациялар колледжін автоматика және телемеханика мамандығы бойынша бітірген ол жұмыс істеп жүріп жоғары оқу орнын тәмамдап, диплом алды. Қауылжыр, Ұлпан станцияларында электромеханик болды. 2016 жылы пайдалануға берілген Шалқар – Бейнеу жаңа желіге аға электромеханик болып ауысып, жұмысқа барған жас мамандардың бірі. Жаңа желі жастарға шексіз мүмкіндік берді. Ауыл жастары жұмыспен қамтылды, ауылда тұрақтады. Айтуынша, мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды қадам, ал теміржолшы болу – мәртебе.

Мейіржан биыл еңбек өтіліне байланысты «10 жыл» белгішесін алды. Бүгінде әріптестермен бірге жаңа жоба дайындау үстіде. Құрылғылардағы схемаға өзгеріс енгізу туралы ұсыныс жобасы жасалып, қазір оны дамыту үстінде.

Күнделікті жұмысы орталықтандырылған байланыс аппараттарын бақылаумен байланысты. Олардың тұрақты, тоқтаусыз жұмыс істеуін қадағалайды. Соның ішінде бағдаршамдар, бағыттама бұрмалардың ақаусыз жұмыс істеуіне жауапты.

«Шалқар – Тассай учаскесі заманауи қондырғылармен бірінші болып жабдықталды. Барлық жүйе, жұмыс компьютерлендірілген. Қызметкерлердің дені жастар. Заманауи техника мүмкіндіктерін пайдаланып отырмыз. Жұмыс істеуге барлық мүмкіндік жасалған. Кей учаскелерде табломен отырса, бізде толықтай жұмыс компьютерлендірілген. Құрылғылардың барлығы жаңа, шағын мөлшерде. Ыңғайлы», – деп мақтанды ол.

Шалқар – Тассай аумағында қазір үш аға электромеханик, 9 электромеханик және 18 электромонтер жұмыс істеп жүр. Олардың бәрі орталықтандырылған байланыс желісінің тоқтаусыз жұмыс істеуіне жауапты.

*Суретті түсірген автор*

№59-60 (3098-3099) 01/08/2025

# МНЕ ПРОСТО НРАВИТСЯ МОЯ РАБОТА

**Приемосдатчик груза и багажа станции Оскемен-1 филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Семейское отделение ГП» Сайёра Чинпулатова решила связать свою жизнь с железной дорогой 23 года назад и с тех пор не изменяет выбранному пути.**

**Елизавета ВЕСЛЕНЕВА,**
Семей



Рабочий день приемосдатчика расписан по минутам. Оформить вагонный лист, принять и проверить состав, проконтролировать безопасность погрузки, заполнить всю документацию – и это только часть обязанностей. За каждым вагоном, прибывающим на станцию, стоит труд: осмотр на наличие коммерческих неисправностей, сверка с техническими нормами, проверка состояния под загрузку. Ведется памятка, заполняются ведомости подачи и уборки вагонов, уведомляются грузополучатели. Все должно быть в порядке – от первой буквы в документах до последнего затвора.

– Мне просто нравится моя работа, – говорит Сайёра Чинпулатова. – Железная дорога требует порядка и дисциплины. Если допустить ошибку при приемке, в пути может случиться что угодно. А мы за это отвечаем.

Выбор профессии был не случайным – мама нашей героини трудилась в вагонном депо, ее пример и стал определяющим.

– Железная дорога – это же стабильность, поэтому пошла по стопам мамы, но немного в другом направлении. Она в вагонном хозяйстве работала, а я выбрала грузовые перевозки. Хотя сначала тоже работала в вагонном депо на станции Казиевка, потом мне сказали: «Приходи», с тех пор работаю здесь – на станции Оскемен-1, – говорит приемосдатчик.

Она отметила, что на Оскемен-1 приходят грузы со станций Казахстана, стран СНГ и из-за рубежа.

– Грузы приходят, мы их принимаем, локомотив развозит по путям, после выгрузки проверяем. Затем – погрузка, сверка с документами, проверка, отправка. Все должно быть точно и аккуратно, – объясняет Сайёра Чинпулатова.

За два с лишним десятилетия многое изменилось. На смену наручному труду пришли технологии – сейчас почти все ведется в цифровом формате.

– Раньше писали от руки, а теперь – компьютер. Но суть работы осталась прежней, – говорит она.

В преддверии профессионального праздника Сайёра Чинпулатова пожелала коллегам стабильности, здоровья и уверенности в завтрашнем дне.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

**Железная дорога для Ирины Титовой – это путь длиною в жизнь. Уже более 30 лет она работает проводником пассажирского вагона. За плечами – тысячи километров, сотни историй и лиц, неизменной остается бесконечная верность выбранному делу.**

# ВСЯ ЖИЗНЬ – СТАЛЬНАЯ МАГИСТРАЛЬ

**Любовь РОВБА,**
Астана



Первая встреча с поездом случилась, когда ей было всего пять лет. Отец Ирины, всю жизнь проработавший на железнодорожном транспорте, в тот день взял ее с собой в поездку.

– Он работал в грузовом депо в резерве проводников – поездным электромехаником. Помню, как усадил меня у окна, и мы любовались красотами нашей необъятной родины. Тогда я и не думала, что однажды стану проводником вагона и вся моя жизнь пройдет в движении между станциями и разъездами. Даже если маршрут повторяется ежедневно – всегда ощущается по-новому. Это наполняет жизнь, – делится Ирина Викторовна.

Окончив школу, она утвердилась в своем желании работать на железной дороге. Поступила на заочное отделение Акмолинского колледжа транспорта и коммуникаций на факультет «Организация перевозок и управление эксплуатацией транспорта». Спустя несколько лет без отрыва от производства окончила тот же факультет Казахстанского университета путей сообщения.

Проводником работает с 1991 года – тогда еще совсем юной устроилась в цех эксплуатации 3-го основного локомотивного депо Целинной железной дороги.

– С первого рейса я поняла, что железная дорога – это очень ответственная профессия. От внимательности проводника может зависеть чья-то безопасность, от терпения и эмпатии – настроение пассажира, – говорит Ирина Титова. – Каждая поездка – это в первую очередь живое общение с самыми разными людьми. Стараешься ко всем найти подход, помочь, устранить конфликты.

Она отмечает, что за 30 лет многое изменилось. Современные вагоны, Wi-Fi, кондиционеры, информационные экраны, электронные билеты. И пассажирам легче, и проводникам. Но в основе работы остается все то же – человек. Его комфорт, безопасность, настроение.

Ирина Титова работала в разных направлениях по маршрутам: Астана – Кокшетау, Астана – Экибастуз, Астана – Актобе, Астана – Павлодар. И по роду деятельности сталкивалась с различными трудностями. Но одна из поездок особенно отпечаталась в памяти.

– Когда открылась новая железнодорожная линия Аксу – Дегелен, произошло лобовое столкновение нашего дизель-поезда с тепловозом. В момент аварии было по-настоящему страшно – громкий звук, удар, дезориентация. Но уже в первые секунды в голове возник автоматический алгоритм действий проводников в нестандартных ситуациях: быстро оценить обстановку, осмотреть вагон, успокоить пассажиров, при необходимости оказать первую помощь пострадавшим, связаться с экстренными службами, доложить в депо и эвакуировать людей, – вспоминает Ирина Титова.

В момент чрезвычайной ситуации психика переключается в режим «действуй», говорит она. Это помогало и когда приходилось принимать роды в пути.

– Рожает. Прямо в поезде. Пассажиры в панике, женщина плачет. Я встала перед ней, взяла за руку и сказала: «Вы не одна. Я рядом. Все будет хорошо». Родилась чудесная девочка, – рассказывает Ирина. – В другом случае женщина уже родила к моменту прибытия, и мы оперативно вызвали скорую. Наша бригада действовала как часы. Вот в такие моменты понимаешь, что ты не просто сотрудник, а опора и сердце поезда.

Оглядываясь назад, Ирина Титова признается, что не видит себя в другой профессии.

В коллективе она пользуется большим уважением, охотно делится знаниями с молодыми коллегами, помогает в трудных ситуациях.

– Проводникам нужно помнить, что мы лицо компании и железной дороги – от нашего отношения к работе зависит не только комфорт, но и безопасность сотен людей. Эта работа сложная, но она нужная, настоящая.

За ответственный труд железнодорожница отмечена многочисленными наградами, среди которых – почетный знак «Теміржол саласында 20 жыл мінсіз қызметі үшін» и медаль «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл».

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# ГЛАВНОЕ – НЕ СТОЯТЬ НА МЕСТЕ

**Начальник района контактной сети Кушмурунской дистанции электроснабжения Костанайского отделения магистральной сети Анатолий Кобзев пришел на железную дорогу в 1991 году, когда ему едва исполнилось 18. Начинал простым электромонтером на станции Есиль в Атбасарской дистанции пути. После службы в армии он вернулся в родное подразделение и с тех пор связал с ним всю свою профессиональную жизнь.**

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай



Прошел путь от электромонтера до механика, старшего механика, а затем и руководителя. В 2004 году участвовал в масштабном проекте электрификации участка Экибастуз – Павлодар, куда был направлен монтажником, а позже стал бригадиром и начальником участка. С 2007 года он возглавляет участок уже в Атбасарской дистанции пути, которая в 2019 году вошла в состав Кушмурунской дистанции электроснабжения.

За годы работы Анатолий Кобзев внес немало рационализаторских предложений, каждое из которых способствовало повышению эффективности труда и экономии ресурсов. Его идеи не раз были отмечены руководством и реализованы на практике.

Параллельно с трудовой деятельностью Кобзев получил профильное образование: окончил Акмолинский колледж транспорта и коммуникаций, а затем – гуманитарную академию им. Д. Кунаева по специальности «электроснабжение железных дорог».

Особо памятным моментом в своей карьере он считает чрезвычайную ситуацию в 2024 году, когда весенний паводок размывал железнодорожное полотно.

– Поступила информация о подмыве путей, – вспоминает Анатолий. – Прибыв на место, я понял, что ситуация серьезная: талая вода подходила вплотную к опорам контактной сети. Принял решение ограничить движение, освободить опоры от контактной сети, привести все в габарит. Это позволило избежать аварии. В течение четырех суток мы вместе с коллегами устраняли последствия размыва. В итоге движение было полностью восстановлено.

За самоотверженность и высокий профессионализм он удостоен почетного звания «Самрук-Қазына», нагрудного знака «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» и других наград.

Железная дорога – не только его профессия, но и семейное дело. Его супруга также работает в отрасли. Воспитали сына и дочь, а теперь и внучка пошла по стопам деда – учится в железнодорожном колледже. Помимо этого, Анатолий Кобзев – депутат Есильского района и член общественного совета станции Есиль.

В свободное время он отдыхает на своем дачном участке, разводит пчел и птиц, выращивает виноград. Уверен: залог успеха – в постоянном стремлении к развитию, любви к профессии и верности выбранному пути. Именно это он советует и молодым специалистам: не бояться учиться новому и всегда двигаться вперед.

*Фото автора*

# ВАГОНЫ – ЭТО МОЕ

**Приемщик вагонов Екибастузского эксплуатационного вагонного депо филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ГП» Ержан Тлембеков посвятил железной дороге более трех десятилетий. Все это время он работал на одном предприятии.**

**Евгения СТАРКОВА,**
Экибастуз



Ержан Тлембеков устроился на железную дорогу в январе 1994 года. Трудовой путь он начал с должности слесаря по ремонту подвижного состава. Затем он сменил несколько специализаций, но все эти 31 год и семь месяцев работал в одном предприятии.

– Я родом со станции Бозшаколь. Можно сказать, вырос, глядя на железную дорогу. Так она меня завораживала: смотрел на поезда и мечтал, как буду работать на стальной магистрали. Правда, мечтал быть машинистом, но судьба распорядилась иначе. Я стал вагонником, что мне тоже очень нравится: вагоны – это мое, – рассказывает Ержан Тлембеков.

Его работа связана с приемкой вагонов, обеспечением безопасности движения, соблюдением технологий ремонта.

– Наша работа – это прежде всего ответственность. Приемка вагонов, контроль их состояния, соблюдение всех требований безопасности и технологии ремонта – все это влияет на надежность перевозок, – подчеркивает Ержан Тлембеков.

За 30 лет многое изменилось: появились новые стандарты, обновилась нормативная база, пришли цифровые технологии. Но одно осталось неизменным – требование к точности и ответственности.

Железная дорога стала делом семейным. Родная сестра Ержана Тлембекова работает дежурной по станции. Старший сын пробовал себя в отрасли – пошел по стопам отца, но затем выбрал другой путь.

В канун профессионального праздника Ержан Тлембеков пожелал коллегам крепкого здоровья, стабильности и уважения к труду, который лежит в основе всей экономики страны.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# СОЗДАЕТСЯ ТЕРМИНАЛЬНАЯ СЕТЬ ҚТЖ

ТРАНЗИТ

**Объем транзитных грузов в Казахстане ежегодно растет и в прошлом году составил 27,5 миллиона тонн, что на 33% больше показателя 2020 года. Контейнерный транзит за этот период вырос на 59% и в прошедшем году достиг 1,4 миллиона ДФЭ (двадцатифутовый эквивалент). В настоящее время перед АО «НК «Қазақстан темір жолы» стоят стратегические задачи по развитию транспортно-транзитного потенциала страны.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Астана

По оценке экспертов, объем транзитных перевозок через Казахстан может достичь 100 миллионов тонн, а доходы от перевозок превысить шесть миллиардов долларов в год.

Важным элементом развития транзита является наличие современной терминальной сети по всему маршруту. Это обеспечивает стабильность тарифов и предсказуемость логистики.

Уже функционируют казахстанско-китайские терминалы в порту Ляньюньган и сухом порту города Сианя (КНР). Напомним, Главой государства был дан старт строительству терминала в Сиане в мае 2023 года, а уже в феврале 2024-го он начал действовать. Благодаря его открытию объем контейнерных перевозок из Китая по ТМТМ в прошлом году вырос в 33 раза.

Город Сиань является узловым транзитным центром Китая, а сухой порт – крупнейшим в этой стране. Здесь формируется более 30% контейнерных поездов в направлении ЕС. В Сиань идет порядка 40% импорта из стран СНГ.

На сегодня совместно с китайскими партнерами ҚТЖ строятся и будут запущены в текущем и следующем годах терминалы на станциях Селятино (Россия), Свислочь (Беларусь) и в Венгрии, открыт терминал в порту Актау. Таким образом, терминальной сетью с участием ҚТЖ будет охвачен весь маршрут Восток – Запад.

Благодаря поддержке государства ҚТЖ активно развивается, и в региональном масштабе Казахстан уверенно лидирует в транспортно-логистической сфере.

Большую роль в этом развитии играет АО «KTZ Express». Сегодня компания осуществляет перевозки по основным направлениям, соединяющим Китай, Европу, страны Персидского залива, СНГ, Кавказа и Центральной Азии. За прошедший год особое внимание было уделено развитию современной терминальной инфраструктуры, запуску новых сервисов и применению инновационных подходов, которые позволяют сделать логистику более быстрой, надежной и технологичной.

В 2024 году объем контейнерных перевозок достиг 796 тысяч ДФЭ, в том числе наблюдался значительный рост перевозок по Транскаспийскому международному транспортному маршруту (ТМТМ), по которому отправлено 358 поездов, что в 33 раза больше, чем годом ранее. В дополнение к этому был организован обратный маршрут ТМТМ (Апшерон – Сиань), открыты мультимодальные перевозки через Афганистан и Пакистан в порт Джебель-Али (ОАЭ), а также сухопутный маршрут КНР – Иран – КНР.



Продолжается развитие и других перспективных логистических направлений. Компанией запущены ускоренные сервисы Китай – Казахстан – Центральная Азия/Московский узел (Селятино), мультимодальный маршрут Урумчи – Алматы и новая услуга контейнеризации автомобилей. KTZ Express протестировала двухъярусные контейнерные платформы на линии Алтынколь – Жетыген, а также внедрила схему комбинированной доставки контейнеров в Алматинский узел с использованием полувагонов и автотранспорта. Кроме того, в работу введен новый мультимодальный маршрут Южная Корея – Ляньюньган – Центральная Азия – Казахстан.

Среди ярких событий года – 10-летие работы сухого порта KTZH-Khorgos Gateway, где была значительно увеличена пропускная способность. Введенные в эксплуатацию 10 новых сортировочных путей позволили повысить мощности терминала с 540 до 800 тысяч ДФЭ в год, что укрепило его позиции как крупнейшего сухого порта Центральной Азии.

Не менее важным шагом стало начало строительства нового контейнерного хаба в Актау. Первый пусковой комплекс первой очереди проекта был введен в эксплуатацию досрочно благодаря слаженной работе KTZ Express и их партнеров из порта Ляньюньган, Актауского морского порта. Новый хаб оснащен современным оборудованием, в том числе высокопроизводительными козловыми RMG-кранами, которые не имеют аналогов в Казахстане.

Параллельно компания продолжает реализацию масштабных международных проектов: строительство транспортно-логистического центра CRK Terminal на станции Селятино в России, создание терминала на станции Свислочь в Беларуси для перевалки грузов между колеями 1520 мм и 1435 мм, а также проработка совместного проекта интермодального терминала в Венгрии совместно с европейскими партнерами.

Существенные изменения происходят и в сфере цифровизации логистических услуг. Платформа «Единое цифровое окно» (ЕЦО) перевела в онлайн ключевые процессы взаимодействия с клиентами. На сегодняшний день через ЕЦО доступны семь наиболее востребованных услуг, а к концу 2025 года планируется подключить еще пять. Благодаря внедрению электронно-цифровой подписи как для резидентов, так и для нерезидентов, и автоматизации процессов удалось сократить сроки заключения договоров в 2,5 раза, повысить прозрачность бизнес-процессов и удобство для клиентов.

В ближайшие годы компания намерена продолжить расширение сети терминалов, запуск новых маршрутов, развитие цифровых решений и формирование собственного флота на Каспии.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

№59-60 (3098-3099) 01/08/2025

# ТАҢДАУЛЫ МАШИНИСТЕР ТАНДЕМІ



**Атандай аманатты арқалап жолға шыққан жүк пойыздарының діттеген жеріне аман-есен жетуі – темір жолдағы барлық саланың қызметіне байланысты. Жолшы жолға жауап берсе, диспетчер қозғалысын реттеп, белгі беру-байланыс және электрмен жабдықтау салалары өз міндетін атқарады. Десек те, тасымал процесіндегі ең жауапты да негізгі тұлға сол жүк құрамының локомотив бригадасы десек, қателеспейміз.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Маңғыстау локомотив деposының тепловоз машинисі Самат Нәжімеденов пен машинист көмекшісі Муса Битан – бір-бірін көзқарастарымен-ақ ұғысады. Екеуі жас болса да тәжірибе жинап үлгерген, машинист мамандығына қалыптасқан мамандар.

Самат Нәжімеденов қазір орда бұзар отызға таяған. Теміржолшылар отбасынан шыққан, маңғыстаулық Құрметті теміржолшылар Маралбек Нұрмағанбетов пен Рая Халикованың ұлы. «Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны ілер» дегендей, ол бала кезінен теміржолшы болуға тәрбиеленген. Мектепті бітіріп, Атыраудағы Аграрлы-техникалық коледжде білім алып, машинист көмекшісі курсында оқып, 19 жасында Маңғыстау деposына машинист көмекшісі болып жұмысқа орналасты. Төрт жылдан соң машинист курсын бітіріп, тепловоз тізгіндеді. Қазір ол үшінші дәрежелі машинист. Маңғыстау – Сайөтес, Маңғыстау – Жаңаөзен, Маңғыс- тау – Құрық, Ақтау порты телімі аралығында жүк пойызын жүргізеді. Осы бағыттарда өтіп жатқан жүктерді тасымалдайды.

Ал оның көмекшісі Муса Битан болса мұнайшылар жанұясында өскен, түбек теміржолшыларының жайдарманшылар командасында өнер көрсетіп, облыстық, республикалық жарыстарда топ жарып жүрген жастың бірі. Ақтаудағы көлік колледжін, кейін Көлік академиясын көліктік техника және технологиялар мамандығы бойынша бітірген ол, осыдан он жыл бұрын колледж жолдамасымен Оралдағы вагон жөндеу деposында слесарь болып еңбек жолын бастаған. Кейін цехта локомотив жөндеуші болып, үш-төрт жыл тәжірибе жинап барып, машинист көмекшісі болып ауысады. Өзі жан-жақты. Жайдарманшылар тобынан бөлек спортшылар командасының белді мүшесі.

Міне, бірі-бірін толықтырып тұратын осынау қос машинистің қырағылығы мен өз міндеттеріне деген жауапкершілігінің арқасында өткен жылы бір қауіптің алды алынған болатын. Сол күні екеуі Маңғыстау – Құрық порты аралығында №3292 пойызымен Құрық портына барған болатын. Айтуларынша, порт станциясында үшінші жолға қабылдану кезінде бағыттама бұрмасының бос емес жолға ашылып тұрғанын байқап қалады. Локомотив бригадасы жағдайды тез бағамдап үлгереді де дереу, шұғыл тежегішті іске қосып, құрамды тоқтатады. Абырой болғанда пойыз бірталай жерге дейін барса да дер кезінде тоқтап, дайын емес бағытқа шығуын болдырмады. Басшылық сауатты іс-әрекеттері арқасында апаттың алдын алған локомотив бригадасына алғыс жариялады.

*Суретті түсірген автор*

# ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ КҮНСҰЛУ

**Қырық екі жыл темір жолда тер төгіп келе жатқан Күнсұлу Оразбаева «Құрметті теміржолшы» төсбелгісімен марапатталғанда қуанбаған жан қалған жоқ. Күнсұлу – қандай құрметке де лайық десті әріптестері бірауыздан.**



**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

Айтса айтқандай, Күнсұлу Мақашқызы Алматы-1 станциясында ұзақ жылдан бері тапжылмай пойыз қабылдаушы болып абыроймен еңбек етіп келеді. 1982 жылы Алматыдағы теміржолшылардың балалары оқитын №46 мектеп-интернатты бітірген жас қыз отбасылық жағдайына орай әрі қарай оқуға мүмкіндігі болмай бірден станцияға келіп жұмысқа орналасады.

– Ол кезде вокзал, станция қызметкерлері – бәрі бір жерде отыратын. Мені пойыз қабылдаушы етіп қабылдады. Содан бері көзді ашып жұмғанша қырық екі жыл өтіпті. Енді санаулы айлардан соң зейнетке де шығады екенмін. Жұмысымды одан әрі жалғастыруыма ұсыныс та бар. Бірақ жастарға жол беремін деп шештім. Олар да өссін, еңбек етсін. Ал мен немере бағып, ел көріп, жер көріп, қырық жылғы бейнеттің зейнетін көрем деп шештім, – деп ағынан жарылды кейіпкеріміз.

1992 жылы сәбилі болып, аз-кем үзілістен кейін жұмысқа қайта оралған Күнсұлуды станция бастығы С.Тұрлыбеков шақырып алып, «Коммерциялық тексеру пунктінің жұмысы ақсап жатыр, соны өзің қолыңа ал» деп пойыз қабылдаушылар бригадирі етіп тағайындайды. Отызға жуық адам жұмыс істейтін ұжымның басты міндеті жүктердің сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету болатын. Сол жылдары жүк вагондарына қойылған пломбаның бұзылуы, сәйкесінше жүктің ұрлануы көбейіп кеткен.

– Біз әскерилендірілген күзет қызметімен қоян-қолтық жұмыс істейміз. Олар жүк пойыздарына ілеспе күзет қызмет көрсетеді. Қай вагонда пломба алынып қалса немесе бұзылса, бізге хабар береді. Біз сол вагондағы жүкті бақылауға аламыз, нұсқаулыққа сәйкес полиция шақырамыз, керек кезінде вагонды ағытып алып, ондағы жүкті тексеріп, акт жасаймыз. Бірақ вагон екі күн ішінде жөнелтілуі тиіс, тұрып қалса, қып-қызыл шығын. Қазір біздің міндетімізге техникалар тиелген, габаритті жүктер тиелген вагондарды да қабылдап алып, олардың қауіпсіз қозғалысын қадағалау да кірді. Мәселен, былтыр батыс өңірін су басқанда сол жаққа техникалар жіберіп, кейін кері қайтқанда оларды қабылдап алып, шашау шығармай жеткізіп бердік. Бұл жұмыстың басы-қасында жүріп, жұдырықтай жұмылған біздің ұжымның еңбегі шын мәнінде орасан еді. Сол еңбегіміздің еленгені болар және қырық жылғы еңбегімнің өтеуі шығар, өткен жылы Көлік қызметкерлері күні қарсаңында «Құрметті теміржолшы» белгісін елордада Компания басшысы өзі табыстады, – деді кейіпкеріміз.

Күнсұлу Мақашқызының қоғамдық жұмысқа да белсене атсалысатын елгезектігі көптің көңілінен шығады.1985 жылы ол халықтың ұсынуымен Алматы қаласы Айнабұлақ шағын ауданына депутаттыққа сайланып, жерлестерінің сенімін ақтап көп жұмыс жасапты. Ал 1988 жылдан 1992 жылға дейін кәсіподақ төрайымы болып, әріптестерінің әлеуметтік мәселелерін шешуге тырысқан.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# ӘР СЕКУНД ҚАУІП-ҚАТЕРГЕ ТОЛЫ...



**Теміржолшы-электромонтер Самат Тіленғұсовтың әр күні қауіпке толы. Никельтау-Қандыағаш учаскесінде пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты маман 10 мың вольттық электр желісімен жұмыс істейді.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің ЭЧ-2 мекемесі Никельтау – Қандыағаш учаскесінің электромонтері Самат Тұрғалиұлы – дистанциядағы ең тәжірибелі маманның бірі.

«Жоғары кернеулі тоқпен жұмыс істейміз. 10 мың вольт. Әр секунд қауіп-қатерге толы. Қателесуге хақың жоқ, титтей қатеге өміріңмен жауап бересің. Күн сайын осы қауіппен бетпе-бет келеміз. Әр құрылғымен жұмыс істеудің бекітілген тәртібі бар. Рұқсатнама алынады. Онда қандай кернеулі қуат көзімен жұмыс жасауға мүмкіндік берілгендігі көрсетілген. Біздер, электромонтерлер, тәуекелге толы әр күннің сәтімен өткенін тілейміз», – деді кейіпкеріміз.

Электромонтер биылғы көктем кезіндегі жұмыстары ерекше қиын болғанын айтады. Көктайғақ кезінде желіні тазалау жұмыстарына белсене қатысқан. Сонымен қатар Жазық станциясындағы трансформаторлық қосалқы станцияны су басудан қорғап қалған. Ал қыстың күндері желіге мұз қататын кездер аз емес. Бұл кезде де жұмыс тоқтаусыз жүреді. Дер кезінде желіге қатқан мұзды қағып отырмаса, сым үзіліп кетуі мүмкін.

«Әрине, жұмыс көп. Көктем мен қыста уақытпен санаспайтын кездер болады. Қажет болса түнде де шығуға тура келеді. Негізгі міндетіміз – күні-түні тынымсыз ағылып жатқан пойыздар қозғалысын тоқтатпау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету», – дейді кейіпкеріміз.

Биыл 60 жасқа толатын электромонтердің бос уақытындағы ермегі екі баласынан тараған бес немересінің тәрбиесі екен.

*Суретті түсірген автор*

# ҚЫРАҒЫ ӨТКЕЛ КЕЗЕКШІСІ

**Қырағылық – керек қасиет. Әсіресе теміржол саласында аса қажет. Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Түлкібас жол дистанциясының өткел кезекшісі Нұрлан Оразбаев осы қырағылығының арқасында апаттың алдын алып «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» медалімен марапатталған.**



**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

Оқиға өткен жылдың 28 шілдесінде күндізгі сағат 10.43-те Сұрым – Боранды станциялары аралығында болды. Өтіп бара жатқан жүк пойызының екінші вагоны шайқалып келе жатқанын байқаған Нұрлан Айдарұлы дереу Боранды станциясының кезекшісіне хабарлайды. Пойыз тоқтатылып, вагондарды тексеру кезінде өткел кезекшісі нұсқаған вагонның серіппесі сынып, реактивті тартқыш болттардың босап кеткені анықталады. Нұсқауға сай вагон ағытылып, жөндеуге жіберіледі.

– Тура сол кезде өткелдерде пойыздардың жылдамдығына шектеу қойылған болатын. Сағатына 25 шақырым жылдамдықпен өтіп бара жатқан жүк пойызының екінші вагоны шайқалып бара жатты. Сықырлаған дыбысына қарап, вагонда ақау барын бірден байқадым. Жылдамдықты арттырса, вагон құлауы мүмкін. Станция кезекшісіне хабарлап, вагондарды тексеру қажет екенін жеткіздім, – дейді өткел кезекшісі Нұрлан Оразбаев.

Өткел Борандыдан Таразға қарай 4 шақырым жерде Қосбөлтек елді мекенінде орналасқан. Темір жол осы ауылға кіреберіс жолды кесіп өтеді.

Өткел кезекшісінің жұмысы таңда ауысымды қабылдап алған сәттен басталады. Кезекшілікке түскен тәулік бойы күн мен түн тас жол мен шойын жолдағы қозғалыс қауіпсіздігіне жауапты. Кей күндері шлагбаумды ашып-жабумен қатар, асыққан жүргізушілерге темір жолдың қауіпті аймақ екенін айтып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуге де тура келеді.

Нұрлан Оразбаев Қосбөлтек ауылында туып-өскенін айтады. Балалық шағы осы маңда өткен. Әкесі Айдар 35 жыл жол бригадирі болып еңбек етіпті.

– 2013 жылы өткел ашылатынын естіген соң Түлкібасқа барып, өткел кезекшісі болып жұмысқа орналасуға өтініш білдірдім. Әкем марқұмның табаны тиген, маңдайының тері сіңген жерде еңбек еткім келді. Алдымен бір жыл 7 ай тәжірибеден өту үшін жолшы болып жұмыс істедім. Теміржол бойында өсіп, әкеме еріп жүріп, жол жұмысын біліп өскенмен, іс жүзінде бәрі басқаша екен. Көп нәрсені үйрендім, білім-біліктілігімді арттырдым. 2015 жылы осы өткелге кезекшілікке ауыстым. Теміржол нақтылықты, үлкен жауапкершілікті қажет ететін сала ғой. Өз ісіңді біліп, жұмысты адал атқарсаң, жемісін көресің. Қауіптің алдын алғаным үшін медальмен марапатталдым, сыйақы да берілді, – дейді Нұрлан Айдарұлы.

Жалпы теміржол саласында әрбір маман қауіп-қатердің алдын алу үшін өз міндетін адал атқарумен қатар, талап пен тапсырманы орындауда тиянақты болуы тиіс. Жауапкершілік қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймайды, көптеген материалдық шығындардан сақтайды.

*Суретті түсірген автор*

**Темір жолда еңбегімен де, ерлігімен де танылған азаматтар аз емес. Солардың қатарында «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Атырау филиалының күзетшісі Әділбек Арыстанғалиев бар.**



# АЗАМАТ – ОНЫҢ ЕКІНШІ АТЫ

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Атырау

...Қараша айының суық күндерінің бірі еді. Әділбек әдеттегідей жұмыс бабымен теміржол нысанын бетке алып, Жайық өзені үстінен салынған көпірге жылжып келе жатқан жүк пойызының қозғалысын қадағалап тұрған. Сол сәт бекет кезекшісінен келген хабар күзет сарбаздарына бірден тарады. Жас қыздың өзіне қол жұмсамақ ниетпен Жайық өзеніне секіргені туралы хабарды ести сала жүгірген Әділбек көп ұзамай суға бір батып, бір шығып бара жатқан қызды көрді. Еш ойланбастан шұғыл әрекетке көшіп, қыздың артынан суға секірді. Қарашаның қара суығында су да денеңді қарып өтердей екен. Әп сәтте бойын жинап алып қызға жетті, киімінен ұстап жағаға қарай малти бастады. Осылай керек жерде, керек кезде, керек уақытта табылған Әділбек қызды құтқарып қана қоймай, алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіп, ажалдан арашалап қалды. «Міне азамат, жарайсың!», «Бәрекелді, азамат екенсің!» десті оқиға орнына жиналып қалғандар теміржол күзеті сарбазының ерлікке пара-пар әрекетіне риза болып. Әділбекке Азамат деген екінші есім осылай телінген болатын.

Тағы бір жағдайда темір жол бойына есірткі тасып таратушыларды ұстап, тәртіп сақшыларына тапсырды. Әрине, бұл екі түрлі жағдай болғанымен, оларға тән ортақ нәрсе, екеуінде де Әділбек өз басын қатерге тіккен еді. Бірақ оны ол ерлік деп санамайды. Азаматтық борышы, қызметтік міндеті деп біледі.

– Әскерилендірілген теміржол күзетінде жұмыс істеп жатқаныма төртінші жыл. Бұған дейін медицина саласының әскери бөлімінде жұмыс істедім. Теміржол күзетінің өзіне тән ерекшелігі бар. Тәртіп өте қатаң, жауапкершілік аса жоғары. Теміржол көпірі – стратегиялық нысан. Сондықтан оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды. Біз осы көпірге мал-жанның шықпауын, жылжымалы құрамдардың кедергісіз өтіп тұруын, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуын қамтамасыз етеміз. Еңбегіміз компания тарапынан елеусіз қалмайды. Әсіресе әлеуметтік қамтамасыз ету жағы жақсы жолға қойылған. Ұжымдық шарттағы барлық шарттар орындалады. Біздің күзетшілер ұжымының ауызбіршілігі мықты, өте ұйымшыл. Оны былтырғы су тасқыны кезінде де көрген боларсыздар, – дейді Әділбек.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# СЫН САҒАТТА СЫНАЛҒАНДАР

**Ол сол күні кестеге сай кезекшілік міндетін атқарып жүрген. Таңғы сағат 8:30 шамасында Бадам станциясындағы бірінші жолдан тауарлы пойыз өткен. Енді міне, жолаушылар пойызы өтіп жатыр. Кәнігі жолшы әдеттегідей «тарс-тұрс» еткен қалыпты дыбыстың қосарланып, басқаша ырғақпен шығып жатқанын байқап, елең ете түскен...**



**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**
Шымкент

Шымкент жол дистанциясының жол шебері Жақсыбек Жүсінбекұлы вагондар дыбысы басқаша шығып жатқан маңға жақындап, станция жолын мұқият қарай бастайды. Қандай да бір ақау болса, апаттың алдын алуға кірісу керек. Әйтпесе, жоспар бойынша бұл жерден сәлден соң тағы бір жылжымалы құрам өтуі тиіс...

– Вагонның тұтас салмағы қос доңғалақ арқылы рельске түскендіктен бұл нүктедегі соққының қуаты жоғары еді. Мұқият көз салып қарасам, бағыттағыш бұрманың бір бөлшегі сынып кеткен екен. Қызмет барысында біз бұл бөлшекті «острянка» дейміз. Ал ол болмаса, әлгі доңғалақ рельстен шығып кетеді. Оның соңы неге алып келетіні айтпаса да түсінікті, – дейді жол шебері Жақсыбек Шәріпов.

Тәжірибелі маман жауапты мамандарға хабар беру үшін дереу байланысқа шығады. Себебі бұл жолдан тағы бірнеше жылжымалы құрам өтуі тиіс. Ал жолдың жағдайы анау. Осы сәтте станция паркіндегі дыбыс зорайтқыш арқылы бірінші жолмен тағы бір жылжымалы құрам өтетіні хабарланып жатты...

Жақсыбек Жүсінбекұлы дереу станция кезекшісі Нұралхан Әбдіровке жолдың ақауы бар екендігін ескертеді. Жәй ғана хабарлап қоя салмайды. Оқиға онында тұрып, жағдайды реттеудің екі нұсқасын ұсынады. Бірі – келе жатқан жылжымалы құрамды жұп жолға салу керек немесе жанама жолмен өткізу керек. Ал егер бұл екі нұсқаның бірін іске асыру мүмкіндігі болмаса, бірінші жолдағы қозғалысты мүлдем тоқтатуға тура келеді. Бұл тәжірибесі толысқан маманның тауып айтқан тиімді кеңесі болатын. Өйткені кейіпкеріміз ұзақ жылдық еңбек жолында мұндай оқиғалардың талай куәсі болған. Сондықтан да ол осылай тиімді жол табудың, жедел әрекет етудің шебері еді. Бұл жолы да солай әбжіл әрекетке көшті. Ол шұғыл түрде аға жол шебері Қуаныш Ағыбаевпен байланысты. Онымен кеңесе келе бірінші жолдағы қозғалысты тоқтату қажет деп шешеді.

Сол сәтте аймақтағы жол шеберлері арасында дабыл қағылып, тиісті мамандар мен техникалар жедел іске жұмылдырылып, бірінші жол 3 сағатқа толықтай жабылды. Жақын маңдағы пойыз қозғалысы бір сәтке аялдап, айналма жол арқылы қозғалысты қамтамасыз ету нұсқалары қолға алынды. Өз кезегінде бұл қауіпсіз қозғалысты шебер үйлестіре отырып, экономикалық шығынға ұшырамаудың амалы болатын.

Кейіннен жол жөнделіп, жағдай дұрысталған соң қырағылық үлгісін көрсеткен жол шеберінің атына алғыс айтылып, жоғары басшылықтың марапатына ұсынылды. Бұл мақтау-мадақ үшін емес, қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз етуге қосылған жеке үлесті елеп-ескеру, бағалау болатын. Өйткені үлгілі істі осылайша өнеге қылу өзгелерді ынталандыра түсетіні анық.

*Суретті түсірген автор*

**826 лет – именно столько в сумме составляет трудовой стаж железнодорожной династии Капишевых. За этой внушительной цифрой – не просто смены и поезда, километры рельсов и рабочие графики. За ней – история семьи, наполненная верностью профессии, уважением к труду и настоящей любовью к делу своей жизни.**

# СКВОЗЬ ПОКОЛЕНИЯ И РЕЛЬСЫ



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

Это семья, где железная дорога – не просто работа, а судьба, передающаяся из поколения в поколение, как ценность, как внутренний зов. Здесь не задаются вопросом, какую профессию выбрать, – здесь продолжают. Делают это с гордостью, с честью, как делали до них их отцы и деды.

История династии начинается с Садана – преданного делу железнодорожника. Его сын Мурат, окончив железнодорожный техникум и факультет строительства и ремонта дорог, начал свою трудовую стезю в 1976 году на станции Матай. Почти полвека – 48 лет – Мурат Саданович посвятил родной отрасли, пройдя путь от путейца до машиниста-инструктора. Его трудовая добросовестность, высокая профессиональная культура и верность профессии стали примером для детей.

Рядом с ним всегда была супруга Мензипа Каримовна – также представитель железнодорожной династии. Она работала фельдшером на станции Матай, а затем продолжала службу в Центральном санитарно-эпидемиологическом учреждении в Алматы. На ее счету – 35 лет безупречного медицинского труда в железнодорожной системе.

Когда в семье ценят профессию, идут на работу с душой и с желанием – дети не сомневаются в выборе пути. Так и случилось у Капишевых.

Сегодня уже третье поколение продолжает семейную эстафету. Внук Биржан Капишев вот уже 26 лет трудится в службе по обеспечению безопасности на станции Алматы-2. Его сестры Айгерим и Асель работают техниками первой категории в Объединенном дорожном бюро регионального филиала «Южный» АО «Пассажирские перевозки».

– Я горжусь нашей династией, – с теплотой говорит Айгерим. – Мне передалась не только фамилия и родственные узы, но и любовь к железной дороге. Это часть меня, часть нашей истории.

В ее голосе – подлинная гордость и благодарность. Она бережно хранит рассказы отца о ночных сменах и дружной команде, о непростой, но вдохновляющей работе, которая закаляет характер. Для Айгерим железная дорога – не просто место работы, а наследие, которое хочется передать дальше.

Рядом с ней – ее дети: Эркеназ, Айкоркем и Айбар. Пока они школьники, только учатся делать выбор и идти своим путем. Но в сердце матери живет светлая надежда: когда-нибудь и они впишут свои имена в историю этой трудовой династии. Потому что быть железнодорожником – значит, быть дисциплинированным, ответственным, верным делу.

Династии, подобные Капишевым, – это настоящая опора отрасли. Они – живая связь поколений, воплощение преемственности и уважения к профессии. За каждым годом стажа, за каждым дежурством и поездкой – история семьи, преданность делу и труд, который вдохновляет.

Династия Капишевых бережно хранит память о прошлом, честно служит в настоящем и своим примером зажигает в сердцах будущих поколений любовь к великой профессии – быть частью железной дороги Казахстана.

*Фото автора*

# ВЕРНОСТЬ ПРОФЕССИИ, ПРОВЕРЕННАЯ ДЕСЯТИЛЕТИЯМИ

**В железнодорожной отрасли есть особые люди – те, кто не просто выполняет свои обязанности, а живет своей профессией, отдавая ей душу и сердце. Именно к таким специалистам принадлежит диспетчер пути Алматинской дистанции Гулжанат Шарипханова, посвятившая служению магистрали более трех десятилетий.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Уштобе



Родом из Восточно-Казахстанской области, Гулжанат Сляшовна с ранних лет знала цену труду. После окончания Казахской академии транспорта и коммуникаций имени М. Тынышпаева по специальности «строительство и эксплуатация путевого хозяйства» она сделала осознанный выбор – связать свою судьбу с железной дорогой.

Первый производственный опыт пришелся на 1982 год, когда она трудилась контролером на Алма-Атинском хлопчатобумажном комбинате. Однако уже в 1985 году поступила на службу в Капчагайскую дистанцию пути и с тех пор осталась верна стальной магистрали. Пройдя путь от монтера пути, техника и оператора связи до старшего приемосдатчика и, наконец, диспетчера пути, она заслужила репутацию грамотного, ответственного и внимательного специалиста.

С 1990-х годов и до сегодняшнего дня Гулжанат Сляшовна работает в Алматинской дистанции пути, в диагностическом блоке. Здесь особенно ценятся точность, быстрая реакция и умение анализировать ситуацию в режиме реального времени – качества, которыми она обладает в полной мере.

– Железная дорога научила меня ответственности, выдержке и дисциплине, – делится Гулжанат Сляшовна. – Здесь нельзя работать вполсилы – ты отвечаешь за безопасность, за движение поездов, за жизни людей. Это большая честь и одновременно огромная ответственность.

За годы добросовестной службы она неоднократно отмечалась благодарностями, ведомственными наградами и премиями. Среди них – нагрудный знак «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін», почетное звание «Кәсібі бойынша үздік», а также знак «Теміржол саласында 30 жыл мінсіз қызметі үшін», врученный в 2025 году за безупречную службу.

– Мне посчастливилось работать с прекрасными людьми – настоящими профессионалами. И самое главное – я чувствую, что на своем месте. Железная дорога – это не просто работа, это судьба, – говорит она с улыбкой.

Коллеги ценят ее за спокойствие, внимательность, готовность всегда прийти на помощь. Ее рабочее место – диспетчерская – словно сердце дистанции, откуда ежедневно пульсирует движение поездов по всей магистрали.

Сегодня Гулжанат Сляшовна продолжает трудиться с тем же рвением, с каким пришла на железную дорогу десятилетия назад. В ее глазах – уважение к профессии, в голосе – уверенность, в сердце – дорога, которую она выбрала навсегда.

В канун профессионального праздника мы поздравляем Гулжанат Шарипханову – мастера своего дела, хранителя стабильности и движения, человека, чья история вдохновляет молодое поколение железнодорожников.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# ОДИН ИЗ ЛУЧШИХ В СВОЕМ ДЕЛЕ

**У ПТО на станции Оскемен-1 никогда не бывает тихо. Здесь постоянно слышны грохот вагонов, стук металла, голоса людей, осмотрщики проверяют составы. В их числе – опытный вагонник, которого в коллективе уважают за профессионализм, внимание к деталям и неизменную скромность – Асылжан Ардабаев. Он осмотрщик вагонов пункта технического обслуживания (ПТО) Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24).**



**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

Свое дело он знает досконально и доказывает это на практике. Так, в октябре 2024 года во время технического обслуживания Асылжан выявил трещину большого зуба автосцепки на грузовом вагоне. Эта неисправность могла привести к серьезным последствиям в пути. А в январе того же года обнаружил литейные дефекты в зоне радиуса R-55 буксового проема боковой рамы и сквозную микротрещину на верхнем поясе рамы – «находки», которые требуют не только внимательности, но и глубокого понимания конструкции вагона.

– Что помогает вам постоянно попадать в списки осмотрщиков, которые находят неисправности в боковых рамках, автосцепках? Опыт, внимательность или неравнодушие к своему делу? – задаю я вопрос Асылжану Ардабаеву.

– Наверное, и то, и другое. Мне нравится моя работа, нравится сам процесс, а еще у нас очень дружный коллектив. Это тоже важно, – отвечает он.

Асылжан Ардабаев в вагонном депо работает уже 18 лет. Он пришел сюда в 2007 году, когда ему было всего 20. До этого пробовал учиться на географа в местном вузе, но понял: не его. Работал в разных местах, пока не устроился на железную дорогу слесарем-ремонтником подвижного состава. Тогда, вспоминает, особенно подкупили стабильность, вовремя выплачиваемая зарплата и сменный график.

– Когда я только устроился, работа сразу понравилась. Опытные коллеги помогали, коллектив и тогда был дружный, сплоченный. Уже через год стал осмотрщиком вагонов, – продолжает он.

Сегодня он – один из лучших в своем деле. Не раз участвовал в профессиональных конкурсах ВЧД-24, включая «Лучший осмотрщик», неоднократно получал премии по итогам четырехмесячников, особенно связанных с выявлением дефектов боковых рам и автосцепок.

В декабре 2024 года его заслуги отметили на республиканском уровне: в Астане он получил медаль к 120-летию железной дороги Казахстана.

В своей смене на ПТО станции Оскемен-1 он и коллеги ежедневно проверяют по 7-8 грузовых поездов, не считая пассажирских поездов и местных подач. В смене – девять осмотрщиков и два слесаря. Объем работы большой, но к каждому вагону – только с полной отдачей.

Молодые осмотрщики часто спрашивают у него: «Асылжан, подскажи, как осматривать, как понять, где неисправность?» Он охотно помогает.

Железнодорожников в его семье больше нет – он первый. Но в своей профессии уверен и гордится выбранным путем. К профессиональному празднику он традиционно пожелал железнодорожникам здоровья, счастья, семейного благополучия, и чтобы поезда никогда не останавливались.

В профессии осмотрщика вагонов, впрочем, как и в любой, связанной с железной дорогой, нет мелочей. Внимание к деталям – это безопасность целого поезда, а значит, и людей, и грузов. Таких работников, как Асылжан Ардабаев, всегда хочется ставить в пример – тем, кто только начинает путь на железной дороге.

*Фото автора*

# ПО ЗАСЛУГАМ И НАГРАДА

**Более 35 лет проработал в одном предприятии оператор поста централизации станции Орал филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» Почетный железнодорожник Абай Джубаев. Он представлен к государственной награде и в свой профессиональный праздник приглашен на торжественное мероприятие в Акорду.**

**Анна ПАНИЩЕВА,**
Уральск

Родился Абай Кадырович в 1965 году в Каратобинском районе Западно-Казахстанской области в многодетной семье сельских тружеников. И первоначально его выбор профессии – ветеринария – был закономерен. Но в 1989 году один родственник предложил ему переехать в Уральск – на железной дороге были вакансии. И устроился Абай Джубаев на станцию Уральск учеником составителя поездов. С тех пор он не менял места работы, а составителем поездов проработал до 2018 года. В 2017 году его труд был отмечен знаком «Почетный железнодорожник».

Вместе с супругой они вырастили дочку и сына, а сейчас их радуют два внука и внучка. В 2018 году в семью пришла беда – у сына отказали почки. И отец отдал почку сыну. После этой операции Абай Кадырович перешел на легкий труд – оператором поста централизации станции Орал.

Как отмечено в его характеристике, за время работы он зарекомендовал себя исполнительным, дисциплинированным и добросовестным работником. В совершенстве владеет своей профессией и стал наставником для десятков работников. Он постоянно стремится поддерживать и использовать передовые знания и опыт, накопленные за время работы в отрасли. Умение действовать в нестандартных ситуациях неоднократно помогало предотвратить случаи нарушения безопасности движения поездов. Работа оператора поста централизации напрямую влияет на безопасность движения, ритмичность работы станции, выполнение производственных показателей.

В частности, с начала года план по качественным и количественным показателям работы станции Орал перевыполняется. Переработка вагонов на один локомотив составила 129,2%, по сравнению с аналогичным периодом прошлого года – 104,3%.



Простой вагонов без переработки к плану выполнен на 115,6%, с переработкой к плану – на 108,2%, простой местных вагонов к плану – на 103,1%, а под одной грузовой операцией к плану – 103,6%.

Отличный, добросовестный труд Абая Джубаева отмечен множеством благодарственных писем всех уровней, юбилейной медалью к 25-летию АО «НК «ҚТЖ» и знаком «Теміржол саласында 30 жыл мінсіз қызметі үшін-2025». В День железнодорожников он приглашен на торжественное вручение государственной награды, которое пройдет в резиденции Президента Республики Казахстан Акорда.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

**Обычная ночь на станции Караганда-Пассажирская обернулась настоящим испытанием для билетных кассиров Карагандинского участка филиала «Северный» АО «Пассажирские перевозки». Благодаря мужеству Елены Михейкиной и Гүлсім Ахметжан удалось предотвратить попытку проникновения постороннего в билетную кассу.**

# КОНЯ НА СКАКУ ОСТАНОВЯТ, В ГОРЯЩУЮ ИЗБУ ВОЙДУТ!

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда



Инцидент произошел в самую тихую и, казалось бы, спокойную часть ночной смены. Елена Михейкина, подводя итоги рабочего дня, собиралась сделать последние записи в журнал. Он лежал на подоконнике рядом с уличным окном.

– Как только я подошла и протянула руку за журналом, – вспоминает она, – прямо передо мной неожиданно возник мужчина – крупный, лет 30. Он пытался влезть через окно внутрь. Страх сковал на долю секунды, но я тут же закричала. В голове пронеслось: в кассе – дорогая техника, документы, деньги, а мы – одни...

Крики Елены услышала напарница – Гүлсім Ахметжан. Она моментально прибежала на помощь. Дальше все происходило, как в боевике: женщины отбивались, кричали, хватали злоумышленника, который в ответ наносил удары.

– Я изо всех сил ударила его в пах и попыталась сбить с ног, – рассказывает Гүлсім. – Он был очень агрессивен, бил нас по голове. Но мы не сдавались. Превозмогая боль и страх, боролись до конца, стараясь задержать его до приезда охраны.

Сила духа и сплоченность сыграли решающую роль. Через несколько минут на место происшествия прибыла охрана, вызвали полицию. Нападавший был задержан.

После случившегося женщины долго приходили в себя – стресс дал о себе знать. Но, несмотря на все, они не считают себя героинями. Говорят, просто сделали то, что было нужно.

Заведующая билетными кассами Гулаим Байгозина с гордостью отмечает, что обе сотрудницы отличаются высокой дисциплиной, ответственностью и профессионализмом. За плечами каждой – более 30 лет стажа на железной дороге. И этот случай стал еще одним подтверждением того, насколько надежные и самоотверженные люди работают в системе пассажирских перевозок.

За проявленную отвагу и храбрость Елена Михейкина и Гүлсім Ахметжан были награждены руководством АО «НК «ҚТЖ» – им вручены почетные нагрудные знаки и денежные премии.

*Фото автора*

# ЖАҢА КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ

**Теміржолшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында Семей темір жолының тарихына қатысты тың туынды жарық көрді.**




Құрметті теміржолшы, «Түрксіб-Семей» мұражайының құрметті директоры, қоғам белсендісі Мақсұт Көшжановтың «Адам – керуен, өмір – жол» атты кітабы оқырманға жол тартты. 88 жасқа аяқ басқан ардагердің бұл кітабы Қазақстан темір жолының 120 жылдығына, Семей теміржолының 110 жылдығына және алдағы жылғы Түркістан-Сібір теміржолының 95 жылдығына арналыпты. Мемуарлық туындыда Қазақ темір жолына қатысты бұрын-соңды айтылмаған тың дүниелер мен құжаттық деректер мол. Кеңес дәуіріндегі теміржолшылардың жанкешті еңбегі, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ерлікке пара-пар қызмет жайлы да кеңінен сөз болған. Өлке теміржолына өлшеусіз еңбегі сіңген Қаныбек Ержанов, Құдайберген Көпжасаров сынды танымал тұлғалар жайлы жылы естеліктер де айтылады.

Құрметті теміржолшы Мақсұт ақсақал бұл кітабында өзі ұстаз тұтқан, әр жылдары Семей теміржолында бірге еңбек еткен кешегі Түрксіб құрылысын салған теміржолшылар мен басшылар, олардың бүгінгі ұрпақ үшін ертегіге бергісіз, үлгі тұтарлық ерен еңбектерін үлкен құрметпен еске алады.

Шығыстағы сала қызметкерлері арасында танымал, жастар «Музей ата» атайтын Мақсұт Көшжанұлының бұл туындысы – сөз жоқ, тарихи тұрғыдан аса құнды еңбек. Кітап теміржолшылар қауымына, қазақ теміржолын зерттеушілерге, жалпы көпшілікке арналған. Тілі де тартымды жазылған, мұрағат құжаттары мен тарихи фотосуреттер де қоса берілген.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ**, *Семей*
*Суретті түсірген автор*

# ОСТАЛАСЬ ТОЛЬКО ПАМЯТЬ

**Большой тематической подборкой из журналов об исторических локомотивах пополнилась ретровыставка «Страницы стальных магистралей», которая открыта в технической библиотеке представительства ОО «Казпрофтранс» по Защитинскому узлу. В ней собраны подробные описания моделей паровозов и тепловозов, старых вагонов.**



Казалось бы, кому сейчас, в эпоху Интернета, нужны такие выставки? Оказалось, что информация о локомотивах прошлых лет, которую публиковал журнал «Железнодорожный транспорт», интересна большим группам людей. Ознакомиться с ней на ретровыставку приходят краеведы, журналисты местных СМИ, ветераны. Ну и, конечно же, сами железнодорожники. Ведь прикоснуться к истории – всегда волнительно и захватывающе.

Ведущий библиотекарь Оксана Дьяконова взяла в подборку статьи из этого журнала за последние пять лет. В них дано полное описание паровозов, тепловозов, электровозов, пассажирских вагонов с фотографиями. Своего рода исторические портреты. Буквально на днях ретровыставку посетил местный краевед Артем Смирнов. Он был в полном восторге – это же столько уникального материала здесь собрано! Он сделал много фотографий экспонатов, включая тематическую подборку. Особенно заинтересовался книгой о советских магистральных грузовых паровозах серии «Л», попросил у Оксаны Дьяконовой эту книгу, а все экспонаты, кстати, – из ее личных фондов. Артем отправился к знаменитому памятнику на привокзальной площади – огромному паровозу, некогда перевозившему грузы и пассажиров по дорогам Турксиба, и сделал на его фоне селфи с книгой в руке. Это говорит о том, что ретровыставка находит отклик в сердцах людей.

Каждая статья из журнала в тематической подборке – это подробная история о каждой модели локомотива или вагона. Здесь, на ретровыставке, мы, к примеру, можем узнать, что грузовой паровоз Ов-6640 – один из старейших сохранившихся паровых локомотивов этой серии, легендарная «овечка». Он водил поезда в 1900-1920-х годах. А паровоз Ел-534 строили в Канаде и США в 1915-1917 годах.

Интересно прочитать и о том, что двухтамбурные со спальными местами вагоны второго класса производили в 1899 году Коломенским заводом. Такие вагоны красили в желтый цвет. Отапливался паром, освещение было газовым и свечным, а вентиляция – естественная. А первыми серийными пассажирскими электровозами на советских железных дорогах были локомотивы серии ЧС1-041. Их построили в 1960 году заводами «Шкода» в городе Пльзень Чехословакии. Уже нет ни этой страны, ни электровозов этой серии, о них осталась только память.

На ретровыставке «Страницы стальных магистралей», приуроченной к профессиональному празднику, словно оживает история железных дорог страны – от чугунных паровых гигантов до дизельных локомотивов XX века. Здесь царит атмосфера романтики профессии, дальних дорог и труда без выходных.

**Ольга УШАКОВА**, *Усть-Каменогорск*
*Фото Артема СМИРНОВА*

# ТАЛАБЫҢА НҰР ЖАУСЫН, ЕРЖАН!

**«Ел іші – өнер кеніші» демекші, теміржолшылар арасында да неше түрлі өнерпаздар бар. Солардың бірі – Ержан Сағымбаев. Ол қазақтың тұңғыш бард-ақыны Табылды Досымовты еске алу және шығармашылығын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған «Сәйгүлік» атты Батыс аймақтық ән байқауының жеңімпазы атанды.**



Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Ақжайық белгі беру және байланыс дистанциясының жөндеу-техникалық телім бастығы Ержан Сағымбаев басқа конкурсанттар сияқты кәсіби музыкант емес, бірақ өнерді бала кезінен сүйіп өскен жігіт.

Байқауда Атырау облысы мен өзге өңірлерден келген 13 өнерпаз гитарамен жанды дауыста және эстрадамен Т.Досымовтың әндерін орындады. Көрермен көңілінен шыққан өнер иелері ақын мұрасын заманауи бағытта насихаттап, байқауға ерекше реңк берді.

Атыраудың Индер ауданында туған Ержан Жұмабайұлы ән мен жырға әуестігі арқасында мектепте оқып жүріп Махамбет, М.Жұмабаев, Ф.Оңғарсынова, Т.Айбергенов оқуларына қатысып, республикалық деңгейде талай рет жүлделі орындарға ие болған екен. Әкесі Жұмабай Суламалиев – теміржолшы, қазіргі таңда «Болашақ-Атырау» компаниясында нормативтік құжаттар бойынша жетекші маман болып қызмет атқарады.

Ержан 2014 жылы мектеп бітірген соң Астана қаласындағы АЛТ колледжіне теміржол көлігіндегі автоматтандыру және бақылау мамандығына оқуға түседі де, кейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ грантымен Алматы қаласындағы АЛТ университетіне түсіп, 2020 жылы бакалавр, 2022 жылы магистратураны бітіріп шығады. Университетте оқып жүріп Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 6 ай РФ Санкт-Петербург қаласында 1 Петр атындағы жол және байланыс университетінде білім алған. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Әлеуметтік саясат департаменті ұйымдастырған «100 жас есім» бағдарламасының 3-легінің қатысушысы. Еңбек жолын Қарабатан бекетінде СОБ электромонтері болып бастаған.

– Конкурстың бірінші кезеңде Табылды Досымовтың сөзіне жазылған «Өмірзая» әнін, екінші кезеңде Есенғали Раушановтың сөзіне жазылған «Ештеңе де керек емес» әнін орындадым. Бала күнімнен Табылды ағамыздың әндерін сүйіп тыңдап, гитарада орындайтынмын. Байқау нәтижесі бойынша III орынды иелендім. Жалпы өнерді тастаған емеспін. Музыкалық арнайы білімім болмаса да осындай жиындар мен концерттерде ән айтамын, – дейді Ержан.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ**, *Атырау*
*Суретті түсірген автор*

# АҚЖОЛТАЙ ПОЙЫЗҒА АЛҒЫС АЙТТЫ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ , «Samruk-Kazyna Trust» қоры және Денсаулық сақтау министрлігі арасындағы әріптестік шеңберінде іске асқан әлеуметтік жоба арқасында бүгінде шалғайдағы ел тұрғындары сапалы медициналық қызметке қол жеткізуде.**




«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы Ақтөбе облысындағы сапарын аяқтады. Жылжымалы құрам облыстың шалғай ауылдары Шұбарқұдық, Қарашоқат, Қотыртас, Қандыағаш, Мәртөк, Аққемер және Кемпірсай елді мекендерінде болды. Жобасының негізгі мақсаты да осы – шалғайдағы ауыл тұрғындарына сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек көрсету. Ауылдан шықпай-ақ, мыңдаған адам өздері келген дәрігерлерге тексеріліп, қажетті ем алды. Дәрігерлер алғашқы қарап-тексеру, түрлі диагностикалық аппараттарға түсіріп, талдау, ем тағайындау қызметтерін ұсынады. Қажет болған жағдайда кішігірім хирургиялық операция жасайтын да мүмкіндіктері бар. Медициналық бригада құрамына 36 білікті дәрігер, медиатор және заңгер бар.

Осы аптада медициналық пойыз облыстың Мәртөк ауданында сапарын аяқтады. Аудан әкімдігінің хабарлауынша, халықтың алғысы шексіз. Ем-домнан бөлек халық отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның заңгерлері мен медиаторлардан кеңес алған. Олар әлеуметтік төлемдер, еңбек даулары, жер мәселелері мен басқа да құқықтық сұрақтар бойынша тегін көмек көрсеткен.

Мәртөктен кейін пойыз Аққемер мен Кемпірсай ауылдарына аялдап, шілде айының соңғы күні жұмысын аяқтады.

**Ардан СЕРДАЛЫ**, *Ақтөбе*

## Спорт

# ЖИЗНЕННЫЙ ТОНУС НА ДОЛГИЕ ГОДЫ

**На станции Акадыр Карагандинского региона состоялся турнир по мини-футболу, посвященный 85-летию организации ШЧ-21. В соревнованиях приняли участие команды железнодорожников со станций Босага, Акадыр, Мойынты и Нельды.**



К турниру железнодорожники готовились заранее – тренировались, совершали пробежки с целью укрепления дыхательной системы.

Как отметил председатель профкома ШЧ-21 Мерей Куанышев, футболисты-железнодорожники, как правило, поддерживают тело в форме. Они ведут здоровый образ жизни и продвигают этот важный принцип в коллективе.

– Во время игры в футбол совершается множество движений и тем самым развиваются разные технические навыки. У ребят отличная координация, быстрый бег, высокие прыжки и ловкие пасы, которые так необходимы в этой игре. Кроме того, футболистами выполняются некоторые технические приемы, требующие гибкости и выносливости. Голкиперы во время тренировок улучшают скорость реакции, и умение стратегически мыслить. Игра в футбол полезна для всего организма и способствует жизненному тонусу на долгие годы.

По итогам турнира первое место заняла команда «Босага», второе – команда «Акадыр» и третье – команда «Мойынты». Кроме того, жюри были определены следующие номинации: Лучший вратарь – электромеханик СЦБ Мойынты Жұбатқан Нартай, лучший игрок – электромеханик СЦБ Босага Құрақбай Ақжол, лучший защитник – электромеханик КТСМ Нельды Мұқан Данияр.

Команды-победители турнира получили призы от профсоюзной организации ШЧ-21.

**Светлана МОГАЙ**, *Караганда*
*Фото автора*

# КӘСІБИ МЕРЕКЕГЕ ТАРТУ

**Бершүгір жол дистанциясы қызметкерлеріне кәсіби мерекеге орай тамаша тарту жасалды. Салауатты өмір салтын қалыптастыруды әдетке айналдырған теміржолшылар үшін арнайы спорт кешені пайдалануға берілді.**




Спорт кешенінің ашылу салтанатына «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі филиалының директоры Серғали Жайлаубай, «Батыс» филиалы кәсіподақ ұйымының төрағасы Ғабит Садықов арнайы барып қатысып, жолшылар қуанышына ортақтасты. Теміржолшы ардагерлер, аудандық мәслихат депутаттары құттықтау сөз сөйледі.

«Теміржолшылар үшін спорт кешендерін салу, пайдалануға беру бізде тұрақты дәстүрге айналған. Бұл жалғыз жолшылар игілігіне қызмет етпейді, мұнда Бершүгір станциясының барлық теміржолшысы келіп, жаттығатын болады деп ойлаймын. Іші жайлы, қолайлы, заманауи талапқа сай кешеннің игілігін көріңіздер», – деді Серғали Жайлаубай.

Аудан басшылары жұмысшы мамандықтар жылында теміржолшыларға жасалып жатқан жағдайды оң бағалады. Жерлестерінің атынан теміржол басшылығы мен кәсіподағына алғыс айтты.

«Бүгін үлкен еңбектің жемісін көріп тұрмыз. Ашылып жатқан спорт кешені ел дамуына үлес қосып жүрген теміржолшылар игілігі үшін жасалып жатыр. Мереке құтты болсын, әріптестер!», – деді «Батыс» филиалы кәсіподақ ұйымының төрағасы Ғабит Садықов.

Спорт кешенінің ашылу салтанатына орай жергілікті теміржолшылар арасында кіші футболдан жарыс ұйымдастырылып, жеңімпаздар арнайы марапатталды.

**Ардақ ЕРУБАЕВА**, *Ақтөбе*
*Суретті түсірген автор*

# ПОКОРЯЕТ РИНГ СНГ

**Сила, выдержка и безупречная техника – эти качества в полной мере продемонстрировал сотрудник Карагандинского филиала ТОО «ВЖДО» Азамат Еспай на кулачном чемпионате TOP DOG 37 СНГ.**



Под псевдонимом Қасқыр он выступил в полусреднем весе и в очередной раз доказал: за стальной выправкой охранника стоит волевой и опасный соперник на ринге.

Левша по стилю, Азамат сделал ставку на фирменные резкие и точные серии по корпусу – техника, которая сбивает оппонента с темпа и заставляет терять контроль над боем. Его соперник – боец по прозвищу Веном – сошел с дистанции с травмой руки, а Азамат покинул ринг с четвертой победой в своей спортивной карьере и уважением зала.

– Нужно дальше готовиться и оттачивать свою технику. В дальнейшем надеюсь показывать уровень выше. Благодарю всех, кто меня поддерживает, особенно своих коллег. ВЖДО – сила! – отметил он.

Азамат Еспай трудится в ВЖДО не первый год. Коллеги знают его как надежного и дисциплинированного сотрудника, который всегда готов помочь и остается уравновешенным в любых обстоятельствах. После смен он не идет отдыхать – его путь лежит в зал, где проходят ежедневные тренировки и закаляется характер настоящего бойца.

Впереди – новые турниры и вызовы. Уже в следующем сезоне Қасқыр планирует выйти на ринг в очередном этапе TOP DOG. Но пока он возвращается к привычной службе – охранять порядок и стоять на страже безопасности.

**Айлин БАУРЖАН**
*Фото автора*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
**Дина Муздубаева**
Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

**Басылымның таралымы 11 415**
**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

**Жауапты хатшы**
**Ерболат Тілеубергенов,**
**тел.: +7 702 5795768**

**Кезекші редакторлар:**
**Л. Ровба, Р. Рахметова**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Жамбыл:** Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
**Шымкент:** Нұрлыбек Досыбай 87025480092
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61

**Газет басылатын қалалар:**
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.